

# AQTÓǴAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№33-34 (7871)

Gazet 1938 jylǵy 15 tamyzdan shyǵady

@ aktogai\_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

Жұма  
26 тамыз  
2022 жыл



Жолдау мұраты – ел мүддесі

жетілдіру партиялық жүйені дамытуда. Мәжіліс депутаттарының 70%-ын пропорционалды жүйе, 30%-ын мажоритарлы жүйе арқылы сайлауға көшу, партияларды тіркеуді жеңілдету жаңа саяси мәдениетті дамытуға бағытталып отыр. Бұл қадам барлық партиялардың мүддесіне қызмет ететіні сөзсіз. Құқық қорғау органдарын күшейту, судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету мен адам құқығын қорғау істері прогрессивті бастамаларға толы.

## Ел сенімін еселей түсті

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа жолдаған Жолдауында Қазақстанды түбегейлі жаңғырту ісін жаңа қарқынмен жалғастырудың маңызына ерекше тоқталды. Жолдауда еліміздің саяси жүйесін жаңғыртудың елең-екшелген реформалары ұсынылды. Әділ әрі ашық бәсеке елді демократияландыруға ықпал етіп, мемлекеттің тұрақтылығын бекемдеуге бағытталмақ.

Мемлекет басшысы енді саяси-экономикалық монополияға жол берілмейтінін қадап айтып, тарихи реформаларды ұсынды. Президенттің қандай да бір партияның мүшесі болуына бұдан былай жол бермеу ұстанымы Орталық сайлау комиссиясының, Конституциялық Кеңестің, Есеп комитетінің мүшелеріне қолданылатын қатысты. Өкілді билік тармақтарын қайта құру мақсаты – Парламенттің беделін арттыру. Сенат депутаттығына Президент ұсынатын квота санын 10-ға қысқартып, оның 5-ін ҚХА өкілдеріне беру – орайы табылған құптарлық іс. Заңдарды тек Мәжілістің қабылдауы, республикалық бюджетті бақылауды күшейтуі – осы Палатаның күзіретін кеңейтудің бірегей қадамы.

Облыстық мәслихаттардың, республикалық бағыныстағы қалалық мәслихаттардың төрағасы лауазымын енгізу, аталған мәслихаттарға бекіту үшін Президент тарапынан облыс әкімінің баламалы кандидатураларын ұсыну – шын мәнінде, революциялық өзгерістер.

Әлемдік озық тәжірибеге сай сайлау жүйесін

Еліміздің идеологиялық, ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде БАҚ қабілетін арттырудың маңызы зор. Мемлекет пен қоғамның сындарлы әріптестігін дамытудағы азаматтық қоғамның рөлін күшейту басты назарда болмақ. Өйткені, тәуелсіз БАҚ пен азаматтық қоғам реформаларды жеделдетуге ықпал етеді.

Өз құрамына сан алуан пікір иелерін топтастырған Ұлттық Құрылтай құру тәжірибесі Ұлы Дала демократиясының жалғасы іспеттес. Осынау мәртебелі құрылымның билік пен халық арасындағы алтын көпір, мықты дәнекер болатынына сенімдіміз.

Әрине, мұның бәрі – Жаңа Қазақстанды құру үшін істеліп жатқан келелі жұмыстар. Мемлекет басшысы тарихи өзгерістерді бастауда халықты біркісідей жұмылуға шақыра отырып: «...Еліміздің егемендігі, жеріміздің тұтастығы бәрінен қымбат. Қазақстан тек бізге керек. Мемлекеттілігімізді қорғау мен үшін аса маңызды. Бабалар аманатына адал болып, ұрпаққа табыстау – қастерлі парыз», – деді.

Жолдау әрбір қазақстандықтың жүрегіне жол тапты десек болады. Егемен еліміздің ертенін жарқын ететін жобалар жүгін арқалаған Жолдау халқымыздың өзінің жарқын болашағына деген сенімін еселей түсті.

**Е.Шарбеков,**  
«Ақтоғай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы.

## Жаңа Қазақстанды құру міндеті тұр

Мемлекет дамуы бір орында тұрақпап тұрмайды. Әлеуметтік-экономикалық, демографиялық себептерге байланысты әкімшілік-аумақтық өзгерістерге жолашылады. Жолдауда айтылғандай, елімізде Ұлытау, Абай, Жетісу облыстары құрылды. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы: «Жаңадан құрылатын облыстардың Абай, Ұлытау, Жетісу деп аталуында ерекше мән бар. Біз ұланғайыр жеріміздің байырғы атауларын, ұлы тұлғаларымыздың есімін ұрпақ санасында жаңғырта береміз», – деп атап өткен болатын. Жалпы, жаңа облыстардың құрылуы жөнінде ел тұрғындары тарапынан бұған дейін көптеген мәселе көтеріліп келді. Расын айтсақ, кезінде облыс мәртебесін айырылған өңірлерде әлеуметтік-экономикалық қиындықтар туындап келген еді. Тұрмыстық жағдайларға байланысты онда тұратын азаматтардың өзге өңірлерге үдере көшкені жасырын емес. Әрине, бұл тұрғындар санының азайып, тұрмыс сапасының төмендеуіне әсерін тигізді. Мемлекет басшысының бастамасымен осы олқылықтың орны толып, жаңа үш аймақ құрылғанына баршамыз куәміз. Енді әкімшілік-аумақтық өзгерістер мемлекеттік басқару үдерісін жеңілдететіні анық.

Сондай-ақ, Жолдауда саяси мәселелерге байланысты орнықты ой айтылды. Соның бірі – партияны тіркеудің айтарлықтай жеңілдеуі.

Осы орайда: «Тіркеу шегін 4 есеге – 20 мыңнан 5 мың адамға азайтқан жөн. Өңірлердегі өкілдер саны 600-ден 200 адамға төмендетіледі. Партия құру үшін азаматтардың бастамашыл тобының ең төменгі саны үштен бірге, яғни 1000-нан 700 адамға азаяды. Сондай-ақ, құрылтай съезін өткізуге және филиалдарды құруға берілетін уақыт көбейеді. Бұл мәселелерді либералдандыру еліміздегі саяси кеңістікті дамыту үдерісін едәуір жандандырады», – деп атап көрсетті Қ.Тоқаев.

Алдымызда Жаңа Қазақстанды құру міндеті тұр. Бұл адал әрі еркін саяси бәсеке болуын қамтамасыз етуден бастау алатыны белгілі. Осыған байланысты Президент партияларды институционалды және ұйымдастырушылық жағынан дамытуға барынша қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік туғызып отыр.

Жолдау халықтың көкейінде жүрген көптеген сауалға жауап тапты. Ал Президент: «Бабалар аманатына адал болып, оны ұрпаққа табыстау – мен үшін киелі парыз. Жаңа Қазақстан – жанару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты», – деп ерекше атап өтуі әрбірімізді жігерліңдіре түскенін ашық айтуымыз керек.

**С.Спанов,**  
Қызылорда ауылдық округінің әкімі.

## 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституция күні



### Құрметті Ақтоғай ауданының тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді тәуелсіз ел тарихындағы ең басты мерекенің бірі – Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл күн – халқымыз үшін аса қастерлі, ең ұлық мереке. Бүкілхалықтық дауыс беру арқылы қабылданған Ата Заңымыз өркениетті мемлекеттің барлығына тән демократиялық қағидалармен толық қамтылды. Конституция бірлігіміздің тұрақтылығын, мемлекеттік құрылыс пен еліміздің тұтастығын бекітіп берді.

Конституцияда атап көрсетілген мемлекеттік басқару жүйесі негізгі реформаларды жедел қарқынмен жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Азаматтардың өзін тең сезінуіне және құқықтарын сақтауына берік негіз болды. Әрбір қазақстандық келешекке керуен тартқан мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жеке басы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінді.

Ата Заңымызға деген ерекше құрмет біздің сеніміміз бен күшіміздің қайнар көзі.

**Қадірлі жерлестер!**

Осынау мән терең мерейлі мерекемен құттықтай отырып, сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, ел болашағы мен халық игілігі жолындағы мақсатты істеріңізге сәттілік тілейміз.

Аудан әкімі  
С.Әбеуова

Мәслихат хатшысы  
Р.Әбеуов

## 1 қыркүйек – Білім күні

Баршаңызды 1 қыркүйек – Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Оқушылардың жан-жақты дамуына, сапалы білім алуына бар мүмкіндікті қарастыру біздің басты міндетіміз. Сол себепті жаңа заманға сай аудан мектептерін цифрлық білім беру ресурстарымен қамту, кең жолақты интернетке қосу және видеоқұрылғылармен жабдықтау жұмыстары жалғасуда. Шыңдығында ертеңгі күн бүгінгі ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне төгілген тердің өлшемімен таразыланады. Сондықтан, ел ертеңінің жарқын болуына, сауатты да салауатты ұрпақ қалыптастыруда мемлекет үшін білім саласы қашан да маңызды болып қала бермек. Абай атамыз: «Адамның көңілі шын мерейленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі» деген екен. Сондықтан бүгінгі жастар ілім-білім жинауға қашанда асынып, тәуелсіз еліміздің игілігі жолында білімдерін ел кәдесіне жаратып, болашақта озық ойлы, өрісі кең, өрелі азаматтар болуы қажет.

**Қымбатты ұстаздар!** Білім сапасын арттырудағы ірі бастамаларыңызға педагогикалық ізденіс, жаңа серпін, шығармашылық табыс тілейміз. Ал, оқушыларға қиялдарың ұшқыр болып, қанаттарың талмасын дейміз. Жаңа оқу жылы толағай табыстарға, жаңалықтарға толы болсын!

Аудан әкімі  
С.Әбеуова

Мәслихат хатшысы  
Р.Әбеуов

Халық үніне құлақ асатын мемлекет

# Ауылдағы ағайынның өзекті өтініші бар

Биылғы жылдың наурыз айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі барлық деңгейдегі әкімдердің жыл бойы халықпен бірнеше мәрте есеп беру кездесулерін өткізуін міндеттеген болатын. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, енді аудан және қала әкімдері жылына екі рет, ауыл кент әкімдері тоқсан сайын тұрғындармен кездесу өткізетін болды. Бұл жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіру және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне қоғамдық бақылауды күшейту, тұрғындардың түйткілді мәселелеріне назар аударуға негізделген.

Осыған орай, таяуда ауданымыздағы аудан, кент, ауылдық округ әкімдерінің III тоқсан бойынша тұрақты есеп беру кездесулері басталды.

17-19 тамыз күндері белгіленген кестеге сәйкес, кездесулер Шашубай, Сарышаған кенті және Ортадересің, Торанғалық, Тасарал ауылдық округтерін қамтып үлгерді. Есеп беру кездесулерінде аудан әкімі Салтанат

өтініші бар. Ол – мал жайылымы, шаруашылыққа жер алу, сапалы интернет пен жолдарды жөндеу сынды бір-біріне ұқсас сауалдар мен талап-тілектер.

Мәселен, ортадересіндіктер елді



Әбеуова тұрғындар алдында жылдың жетістіктері мен шешімін тапқан мәселелерді айтты, алдағы мақсат-міндеттерге тоқталды.

Осы жыл еңшісінде тұрған басты міндет – Ел басшысы Жолдауын негізге ала отырып, Үкімет тарапынан қабылданған салалық

мекеннен Балқаш қаласына автобус керектігін алға тартса, Шашубай кентінің тұрғындары балалар ойын алаңы, үй, жарық мәселесін тілге тиек етті. Сонымен қатар, Торанғалық ауылының азаматтары ауыз су, мектептегі бала санының аздығы және жедел жәрдем көлігінің



бағдарламаларды жүзеге асыру. Аудан әкімінің баяндамасы тыңдалғаннан кейін тұрғындар көкейде жүрген сауалдарын қойып, өтініштіліктерін білдірді. Сұрақтың басым бөлігі әлеуметтік салаға қатысты болды. Бұл кездесулердің бір ерекшелігі, әкімдерге есептік баяндама жасауға берілетін уақыт қысқарып, жергілікті тұрғындардың сұрақтары мен ұсыныстарына көбірек назар аударылуда.

Кездесуде куә болғанымыздай, көбіне ауылдағы ағайынның өзекті

дер уағында келмейтінін айтып, елді мекен ішіне қоқыс жәшіктерін орнатуға көмектесуді сұрады.

Көтерілген барлық мәселелерге түсініктеме берген аудан басшысы жауапты сала бөлім басшылары мен жергілікті әкімдерге түйінді түйткілдердің заң аясында шешімін табу жолдарын қарастыруды тапсырды. Есеп беру кездесулерінің соңында аудан әкімі тұрғындарды өзге де мәселелер бойынша жеке қабылдады.

Қуаныш елді мекені. 22 тамыз күні аудан әкімі С.Әбеуова бастаған бөлім, мекеме басшылары ат басын аудан іргесіндегі Қуаныш елді мекеніне тіреді. Алақандай ауылдың қақ ортасынан орын тепкен клуб үйінде өткен жиынды Қараменде би ауылдық округінің әкімі Қ.Өзіров ашып, сөз кезегін өңір басшысы С.Мірәсілқызына берді. Аудан әкімі бірыңғай баяндама оқып, ақпар

отбасы тартып, бала санын өсірмесе, аталмыш мектепке де тықыр таянып тұрғанын баса айтты.

Жиында тұрғын А.Жұманбаев 9 жыл еңбек өтілі бар «Алтын алмас» кен орнынан жұмыстан қысқарып қалғанын жеткізіп, ендігі уақытта ауылда болатын қоғамдық жұмыстарға жұмысқа алсаңыздар деген ұсынысын білдірді. Басшылық бір ауыздан тұрғынның ойын хош



беретін қасаң қағиданы бұзып, жиынды еркін форматта өткізді. Аудан төңірегінде атқарылып жатқан ілімді істерді тілге тиек еткен өңір басшысы, сонымен қатар алда тұрған жоспарлармен де таныстырды. Бұдан бөлек, бұған дейінгі кездесуде көтерілген мәселелердің назардан тыс қалмағанын, көтерілген түйткіл бойынша шаралар қолға алынып, жүзеге асырылып жатқанын көлденең тартты. Мәселен, ілгерідегі есепте аталмыш елді мекенге қарасты «Бінтызар» шаруа қожалығының жетекшісі Ж.Жұманбаев 2019 жылы жылқы өсіруге несие алғанын айтып, алдағы уақытта асыл тұқымды аталық сатып алуға мемлекет тарапынан қандай қолдаулар болады деген сұрақ жолдаған болатын. Осы мәселе жөнінде аудан басшысы: «Сатып алынған асыл тұқымды аталық жылқы малына сатып алынған құнын арзандату үшін бір реттік 100 мың теңге көлемінде субсидия беріледі. Субсидия тетіктерін нақтылау үшін аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің мамандарына хабарласып, жан-жақты ақпарат алуыңызға болады» – деп, сауал жолдаушыға бағыт-бағдар нұсқады. Сонымен қатар, алдыңғы жиында ауыл тұрғындарының дені Ақтас ауылының малдары шабындық жерімізді таптап кетеді, қажетті шөбімізді ала алмай отырмыз деген базынасын білдірген. С.Әбеуова мұндай келеңсіздіктер болмас үшін ауыл тұрғындары ұжымдасып, мал бағынын ұйымдастыру қажет екенін айтты. Бұдан бөлек Қараменде би ауылдық округінің әкімі Қ.Өзіров аудандық жер қатынастары бөлімімен бірлесіп, елді мекен маңайындағы шаруа қожалықтарының шекарасын белгілеп беретінін жеткізді.

Кездесу барысында өңір басшысы елді мекендегі негізгі орта мектептің ахуалы жөнінде де сөз қозғады. Қазіргі таңда бас-аяғы 31 бала оқитын мектепте оқушының аз екенін, егерде қарекет қылып, сырттан

алып, жуырда басталатын ауылдағы үйді-үйге су тарту жұмысына қабылдайтынын айтты.

**Кежек ауылы.** Кезекті аудан халқына есеп беру жиыны тамыз айының 23-жұлдызында Кежек ауылында өтті. Жиынға аудан әкімі С.Әбеуова, аудан басшысының ауыл шаруашылығы саласы бойынша орынбасары С.Амралин, аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Н.Жаңабергенов, аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Қ.Изақов, аудандық жұмыспен қамту бөлімінің басшысы Қ.Кәрімхан және ауыл тұрғындары қатысты. Жиынды С.Мірәсілқызы тізгініндеп, тұрғындарға аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстар жайында қысқартуға ақпарат берді. Ашық диалог форматында өткен кездесуде Кежек ауылындағы мәселелер талқыланып, сөз кезегі тұрғындарға берілді. Ауыл тұрғыны М.Сәдуов алдындағы төрт түлігіне мал азығын өзірілеу үшін елді мекенге тиісті жерден шағын жер телімі берілсе деген тілегін айтты. Аудан әкімі Кежек ауылдық округі әкімі М.Мәкенбаевқа елді мекендегі резервтегі жерден жер бөліп беруді қарастыруды міндеттеді. Бұдан бөлек Ақши негізгі орта мектебінің директоры Д.Ізбасаров мектептегі бала санын арттыру үшін сырт аймақтан өкелетін отбасыларға квота бөліне ме деген сұрағын жолдады. Бұл мәселе жөнінде аудандық жұмыспен қамту басшысы Қ.Кәрімхан жауап берді. Жиын соңында өңір басшысы алғашқы халықпен жүздесуде көтерілген мәселелердің ерқайсысына жеке-жеке тоқталып, нақты жауабын берді. Сондай-ақ, С.Әбеуова осы уақытқа дейін көлденең тартылған түйткілдердің барлығы назарда екенін айта келе, келесі қорытынды кездесуде барлық мәселенің шешімі айтылатынын жеткізді.

(Жалғасы 3-бетте).

# Ауылдағы ағайынның өзекті өтініші бар

(Соңы. Басы 2-бетте).

**Айыртас ауылы.** Мемлекет басшысының пәрменіне сәйкес тоқсан сайын өткізу міндеттелген аудан әкімінің есебі Айыртас ауылында жалғасын тапты. Кезекті кездесуге осы жолғы тоқсанда аудан тұрғындарымен жүздесуге шыққан атқамінер алқалы топ пен ауыл тұрғындары, шаруа қожалық жетекшілері қатысты. Айыртас ауылындағы клуб үйінде өткен жұртшылықпен жүздесуді аудан әкімі тізгіндеп, бірден өңіріміз бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жайын сөзге мәйек қылды. Сондай-ақ, ілгеріде өткен кездесуде тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелер бойынша қазіргі уақытта қандай шаралар жүзеге асып жатқанын жеткізді. Айыртас ауылы аудан орталығынан шалғайда орналасқандықтан, бұл өлкеде қордаланған түйткілдер жетерлік. Соның ішінде кезек күттірмейтін, ең өткір тұрған мәселе – ауылдағы бастауыш мектептің мәртебесін қайта алу. Бүгінгі күні аталмыш проблеманың күрмеуін шешу үшін ауыл тұрғындары жұдырықша жұмылып, ауыз-біршілік танытып, ауыз толтырып айтуға тұрарлық үлкен істер атқарып жатыр. Айыртастың аптал азаматтары қоғамдық қор құрып, осы өлкеде кіндік қаны тамған әрбір жан сол қорға қаражат құйып, ауқымды сомада қаражат жинады. Бүгінде сол қор есебінен сырттан көп балалы отбасылар тартылып, оларды баспанамен, малмен қамтамасыз етіп жатыр. Соның нәтижесінде биыл аталмыш білім ошағының есігі айқара ашылып,

ауыл бүлдіршіндері сол мектепте оқитын болады. Жиында бұдан бөлек, жуырда ғана негізі қаланған ғаламтор желісі бойынша бірнеше сұрақтар жолданды. «Ғаламтор байланысының жұмысы неге баяу?», «Ғаламтор күндіз істеп, түнде неге жұмысын тоқтатады?» деген сыңайдағы сауалдарын ортаға салды. Бұл мәселе жөнінде аталмыш



сала маманы Болат Ақпанбаев интернет тарататын құрылғыны орнату барысында сырттан келген мамандар қателік жіберіп, соның салдарынан қуат алатын аккумулятордың істен шыққанын, қазіргі уақытта сол олқылықты қалпына келтіру жұмыстары жүріп жатқанын айтты. Сонымен қатар, осы тақырып төңірегінде айыртастықтар тарапынан «енді ғаламтор желісі келді, біз ауыл шаруашылығына қатысты құжаттар мен ақпараттарды сайт

арқылы алсақ бола ма? Ауыл шаруашылығының мамандары бізге сол ғаламтордан керек ақпарат алуға үйретсе» деген ұсыныстарын айтты. Осынау мәселе жөнінде аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Н.Жаңабергенов күні бүгінге дейін Айыртас ауылына үш мәрте келгенін, әр келген сайын тұрғындарды, шаруа

тұрғындар тікелей сол маманмен жұмыс жасайтынын алға тартты.

Шара соңында аудан әкімі таяуда Айыртас ауылына қоныс аударған медицина қызметкері мен жас отбасыларды жеке қабылдап, олардың айтар уәжіне құлақ түріп, мәселелерін өз басшылығына алды.

**Қусақ ауылы.** Түс ауа Қусақ ауылына ат басын тіреген атқамінер қауым кезекті жиынды бастап кетті. Ауылдағы клуб үйі күрделі жөндеуден өтіп жатқандықтан билік пен бұқара арасындағы кездесу мектеп ғимаратындағы шағын залда өтті. Ашық диалог алмасу арқылы еркін форматта өткен шарада аудан әкімі бірден ауыл төңірегіндегі мәселелерге кезек беріп, көпшіліктің талқысына салды. Қусақтықтарды алаңдататын ең негізгі деген Нарманбет-Қусақ бағытындағы көтерме жолдың сапасы, жиі-жиі сөнетін электр тоғы және ауылдағы мектеп жайы сөз болды.

Сөз кезегін алып, мінберге шыққан аталмыш ауылдың тұрғыны, мектеп мұғалімі Сәуле Жұмағұлова ауылдың қазіргі жай-күйін тілге тиек ете келіп, мектепте талай жылдан бері қызмет етіп келе жатқан ұстаздардың еңбегі бір мезет ескерілсе екен деген және талай шәкірттің томағасын сыпырған осынау мектепке күрделі жөндеу жұмысы жүргізілсе деген ұсыныс-пікірін білдірді. Аудан әкімі С.Әбеуова көтерілген барлық мәселе бойынша тиісті сала басшыларына міндеттер жүктеп, жіті қадағалайтынын айтты.

Думан Қабыл,  
Еркебұлан Айтжан.

## Түйінді түйткілдер – назарда

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы – бұл ел президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауына арқау болған бағыттардың бірі. Мемлекет басшысының бұл тұжырымдамасы көптеген мәселеге қозғау салып, қалың ел тарапынан қолдау тауып отыр.

Бұқара мен биліктің арасындағы алшақтықты жойып, атқамінер қауым мен қараша халықтың ортасында ашық диалог құру мақсатында Мемлекет басшысы жаңа қаулы қабылдады. Бекіген қаулыға сәйкес облыс әкімдері жарты жылда бір рет, ал, қала, аудан, ауылдық округ әкімдері әр тоқсан сайын жергілікті тұрғындармен жүздесіп, жыл басынан бері атқарылып жатқан жұмыстар туралы есеп беруі қажет.

Наурыз айында қабылданған қаулының негізінде өңір басшысы С.Әбеуова және ауданымызға қарасты ауылдарды тізгіндеп отырған округ әкімдері әр тоқсан сайын халық алдына шығып, істеп жатқан ілкімді істерін жариялап,

(Ақтоғай ауылы әкімінің халық алдындағы кезекті есебі)



есеп беріп келеді.

Тамыз айының 16-шы жұлдызында

Ақтоғай ауылының әкімі Қ.Болғанбаев ағымдағы жылдың жеті айында Ақтоғай ауылының әлеуметтік-экономикалық дамуы аясында атқарған жұмыстары және алға қойған міндеттері мен қабылдаған кешенді шешімдері туралы ақтоғайлық ағайынға ақпарат берді. Аудандық мәдени-бос уақыт өткізу орталығында өткен жиынға өңір басшысының ауыл шаруашылығы саласы бойынша орынбасары С.Амралин және «Ақтоғай ауылы әкімі аппараты» мамандары мен жергілікті тұрғындар қатысты.

Мінберге көтеріліп, сөз тізгіндеген ауылнай Қ.Болғанбаев бірден күні бүгінге дейін қолға алынған, атқарылып жатқан жұмыстарды жіпке тізгендей баяндап, әр салаға жеке-жеке тоқталып өтті:

– Ауылдағы көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларына абаттандыру жұмыстарын жасау мақсатында мердігермен келісім-шарт жасалған.

Аталған көпқабатты үйлердің тұрғындарын да абаттандыру жұмыстарына қолқабыс қылып көмек көрсетіп, абаттандыру жұмыстары басталғанға дейін аулаларын санитарлық талапқа сай етіп жинастырулары үшін мамыр және маусым айларында тұрғындармен кездесу жиыны өтті.

Тоқырауын көшесіндегі зират аумағын темір қоршаумен қоршау жұмыстары жүргізілді.

Орталық көшедегі «Алаш алаңындағы» қоршауларға, ойын элементтеріне, орындықтарға және қоқыс жәшіктеріне сылау-сырлау және гүл, көк шөптерге жұмыстары жүргізілді.

«Ақ қайың» және «Жастар» саябақтарының қоршауларын абаттандыру мақсатында барлығы 77 түп қайың көшеті егіліп, «Ақ қайың» саябағының ішіндегі киіз үйді жаңарту бойынша жұмыстар толығымен аяқталды. Қосымша «Домбыра» композициясының бет-бейнесін қайта жаңарту, яғни

(Жалғасы 4-бетте).

# Түйінді түйткілдер – назарда

(Соңы. Басы 3-бетте).

жасанды рәзеңке жабын жабылып, баспалдағына гранит плита төсеу жұмыстары іске асырылды.

Жалпы, ауыл бойынша 2019 жылдан қазіргі уақытқа дейін жұмыс жасап тұрған бейнебақылау камераларына кезекті техникалық жөндеу жұмыстары жауапты мердігер арқылы қадағалануда. Жол жүрісі кезінде қауіпсіздіктің алдын алу мақсатында ауыл бойынша техника көп қатынайтын 15 орынға жасанды жол бөгеттері орнатылды. 2022 жылдың 6 тамызынан Ақтоғай-Қарағанды бағытына жолға шыққан ыңғайлы әрі бағасы қолжетімді жолаушылар тасымалдайтын Қарағанды қаласындағы №2 автопарктің 50 орындық микроавтобусы өз жұмысын жалғастыруда. Бұл маршруттың күнделікті жүріп-тұруына ел болып

атсалысып, тиімді техниканың мүмкіндігін пайдалану керек.

Тұрмыстық қатты қалдықтар төгетін полигон аумағын «ҚР Экологиялық кодексі» сынды нормативтік-құқықтық актілер негізінде санитарлық талапқа сай ұстау үшін әрі қарай іске асырылып жатқан шараларды жаңғырту мақсатында полигонға бақылау пунктін орнату жұмысы толығымен аяқталды, – дей келе, Қ.Нығметоллаұлы қазіргі уақытта



ауданымыз бойынша өткір тұрған мал жайылымы мәселесін тілге тиек етті: – Мал жайылымына келер болсақ, Ақтоғай ауылы тұрғындарының қолдағы малдарын жазғы жайылыммен, қысқы жемшөппен қамтамасыз етуге норма бойынша 124 857 га жер телімі қажет болса, елді мекен жерінде бүгінгі күнде ауылшаруашылық мақсатында 59 935 га жер бар. Аталған жер ауыл тұрғындарына биылғы санақ бойынша қолда бар малдарына мал азығын дайындауға және де жаз айларында малдарын жайылыммен қамтамасыз етуге жетпейтінін көріп отырмыз. Қосымша нормаға сәйкес 64 922 га жер телімі қажет. Ауылымызда мал басы көбейген сайын аталған мал бастарына мал азығын дайындауға жер телімдерін сұрап әкімдікке ауыл тұрғындары көп жүгінуде. Жер кодексіне өзгеріс енгендіктен, елді мекен жерінен мал азығын дайындауға жер телімдері берілмейді. Алайда, биылғы жылы Шабанбай би ауылдық округі жеріне қарасты босалқы жерден Ақтоғай ауылы тұрғындарына мал бағулары үшін 10

000 гектар көлемінде жер телімінің құжаттары толық рәсімделген. Ендігі кезекте ауыл тұрғындарының қолдарындағы ИСЖ базасында тіркелген ауыл шаруашылығы малдарына қарай аталған жерден мал жаюға жер телімдері берілетін болады. Сонымен бірге Ақтоғай ауылымен шекаралас жерде орналасқан Қараменде би ауылдық округіне қарасты «Қалқаман» шаруа қожалығымен – 200 гектар жерге, Шабанбай би ауылдық округіне қарасты «Жасұлан» шаруа қожалығымен – 500 гектар жерге, Ақтоғай ауылындағы «Аграрлық-техникалық колледжі» КММ-сі жерінен – 500 гектар жерге және де «Ақтоғайский» ауылдық тұтыну кооперативі жерінен 1200 гектар жерге Ақтоғай ауылы тұрғындарының ауыл шаруашылығы жануарларын

көмек ретінде жайылыммен қамтамасыз етіп, аталған жерде ауыл тұрғындарының малдары жүрген жағдайда қумау жөнінде меморандумға отырылды, – деп сөзін түйіндеді.

Ауыл әкімінің ақпарынан кейін сөз жиналған көпшілікке берілді. Ақтоғайлық Г.Мәдепова жыл басында өткен есепте көтерілген мәселені назардан тыс қалдырмай, сөзбұйдаға салмай, нақты іс жүзінде дәлелдеген ауыл әкіміне алғысын білдірді. Бұдан кейін сөз тізгінін алған аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы С.Сыздықов қазіргі мезгіл мәселесі – мал азығының бағасы турасында сөз қозғап, аталмыш түйткілдің түйінін тарқатуға әрекет жасасандар екен деген ой-пікірін жеткізді.

Жүздесу соңында Қ.Болғанбаев әр тоқсан сайын өтетін жиында көтерілген барлық мәселенің ескерусіз қалмайтынын, оларды өзінің жеке қадағалауына алатынын айтты.

**Е.АЙТЖАН,**  
Ақтоғай ауылы.

## Аудан әкімдігінде

Кез келген өңірдің геологиялық ерекшелігі немесе географиялық орналасуына қарай өз басымдықтары болады. Біздің ауданның негізгі ұстанған бағыты – ауыл шаруашылығы саласы. Бізде арқа сүйеп, иек арта қоятын ірі өндіріс ошақтары некен саяқ. «Алтын алмас» секілді алпауыт зауыттар бар. Дегенмен де, аудан тұрғындары аталмыш кәсіпорындардың шалғайынан ұстап отырған жоқ. Біздегі халықтың дені ата кәсіпке басымдық беріп, төскейдегі төрт түліктің өнімін қажетіне жаратып отыр. Байқасаңыз, бір жылдары малдан күдер үзген ел қайтадан тірнектеп мал жиып, екеуін егіз, егізін сегіз қылуға талпыну үстінде. Қорасындағы ай мүйіз, аша тұяқ түліктің басын көбейтіп, кәсіпімді дөңгелетемін деген жандарға Үкімет тарапынан да жеңілдетілген несие беріліп, қолтығынан сүйеу болды. Құдайға шүкір, аудан көлемінде мал басының көбеюі жылдан-жылға байқалып келеді. Ілгеріде бос жатқан апшаптырым жер түгілі, қазір талыстай жерге талас көп. Ерте заманнан қазақтың талағына битше жабысқан «Жер дауы» бүгінгі уақытта да өзектілігін жойған жоқ. Ауданымыздың қай ауылына ат басын тіресеніз де, осы мәселе алдыңыздан көлденең шығады.

Бұдан бөлек біздің өңірде ауыл шаруашылығы саласында сиырдың сілекейіндей шұбырған түйткілдер жетерлік. Соның бірі ретінде қысқы мал азығын дайындау мен оның жалына қол тигізбей тұрған бағасын айта аламыз. Жаз аяқталып, күздің демі білінген кезде ел етек-жеңін қымтап, алты ай қысқа әзірлене бастайды. Қора-қопсысын

## Тірлік түбі – бірлік

бүтіндеп, жем-шөбін түсіріп, шама-шарқынша қамданады. Сол секілді биыл да тамыз айы туысымен жер-жерде шөп жайы сөз болып, бағаны тұрақтандыру мәселесі көтерілді. Қазір аудандағы әр ауылда орама шөптің артылған бір көлік шөптің бағасы әрқилы. Осыдан келіп жұртшылық «анау жақта орама шөптің бағасы пәлен екен, бізде неге қымбат?» деген сынайдағы базыналарын білдіріп жатыр. Олай болуы да заңдылық. Себебі, жер дегеніңіз ала-құла. Бір өңірде шөп бітік шықса, енді бір ауылда сұйық болып жатады. Оған қоса биылғы жығылғанға жұдырық болып тұрған қымбатшылықтың салқыны барлық салаға тиіп тұр. Бұрынырақта қалтаға жеңіл болатын сайман-сауыттың бағасы биыл шарықтап кетті. Жанар-жағармайдағы жағдай да солай. Міне, осының барлығын шағып, есептей келе, шаруалар шабылған шөп өзіндік құнын ақтасын деп жоғарыдағы бағаны қояды.



22 тамыз күні Ақтоғай ауылы әкімі аппаратының ұйытқы болуымен аталған мәселелерге байланысты жиын өтті. Жиынға аудан әкімінің ауыл шаруашылығы саласы бойынша орынбасары С.Амралин, ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Н.Жаңабегенов, жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Қ.Изақов және шаруа қожалығы жетекшілері мен тұрғындар қатысты. Аудандық мәдени-бос уақыт өткізу орталығында өткен жиынды аталмыш сала басшысы С.Амралин тізгіндеді. Шараның әлқиссасын аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Н.Көмірбайұлы жалпы осы сала бойынша жыл басынан бері атқарылып жатқан жұмыстар жайлы ақпар беруден бастады. Н.Жаңабегеновтың баяндамасының ізін ала Ақтоғай ауылының тұрғыны Дарын Рахымжанов жалпы шаруа қожалығы жетекшілерімен арадағы меморандум бойынша қандай нақты істер атқарылып жатқанын айтуды сұрады. Бұл мәселе жөнінде сала басшысы тікелей қазіргі уақытта ауданымызға қарасты 17 ауылдық округ әкімдерімен қоян-қолтық араласып, жан-жақты түсіндірме жұмыстар жүріп жатқанын айтты. Бұдан бөлек жеке шаруа Сағымжанов сөз кезегін алып, ауыл шаруашылығының мамандары шаруа қожалығы жетекшілерімен жақсы қарым-қатынас орнатып, олардың мемлекеттік жәрдемнен қалыс қалмауына жағдай жасаса, тиісінше өз кезегінде шаруа тарапынан да демеушілік болар еді деген ұсынысын білдірді. Сондай-ақ, қазіргі тыныс кеткен шөп бағасына әкімгерлер, ауыл шаруашылығының мамандары ықпал жасай алмайтынын алға тартты. Және де ауданымыздың жері тозғанын, алдағы уақытта көпжылдық екпе шөпке бет бұрған жөн екенін, сонымен қатар, бұрнағы жылдары егін саламыз деп алынған жер телімдерінде бүгінгі таңда қылтанақ та өсіп тұрмағандығын баса айтты. С.Күземханов сол игерілмей бос жатқан жерлерді шаруа жасаймын деген азаматтарға бөліп берсе деген ұсыныс-пікірін ортаға салды.

Келесі кезекте ортаға шыққан Ақтоғай ауылының әкімі Қ.Болғанбаев жоғарыда көтерілген мәселе жөнінде қолында бар ақпарды баяндады. Ауылнайдың айтқанына иек артар болсақ, Ақтоғайда жылдан-жылға мал басының өсімі артып келеді. Елді мекенге тиесілі 59 мың га. жер ауылдағы мал басына шаққанда тым тарлық ететінін айтты. Аудандық ветеринариялық станциясының базасында тіркелген мал басына дәл қазіргі уақытта 124 мың га. жер аумағы қажет. Осы мәселені басшылыққа алған Ақтоғай ауылының әкімі Қ.Болғанбаев Шабанбай би ауылдық округіне қарасты шаруа қожалығы жетекшісімен меморандумға отырып, 10 мың га. жерді алып отырғанын жеткізді. Бұдан бөлек жиынға қатысушылар «Мемлекеттік бағдарламаға қатысуға ынталы ұсақ шаруаларға қағазбастылықтан арылуға жәрдемдесеніздер» және «Мемлекеттік бағдарламалар жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ол жайлы ақпарат беттерінде, әлеуметтік желілерде дер кезінде жарияланып отырса» деген ұсыныстарын білдірді. Аталмыш жиынға қатысқан сала басшылары кездесу барысында көтерілген барша мәселе назардан тыс қалмайтынын және тиісті шара қолданатындарын айтты.

**Е.Темірхан,**  
Ақтоғай ауылы.

**Ақтоғай ауданы әкімінің 2020 жылғы 5 маусымдағы №1 «Ақтоғай ауданында сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

**ШЕШТІМ:**

1. Ақтоғай ауданы әкімінің 2020 жылғы 5 маусымдағы №1 «Ақтоғай ауданында сайлау учаскелерін құру туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №5862 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында: №448 сайлау учаскесі келесі редакцияда жазылсын:

«№448 сайлау учаскесі Сайлау учаскесінің орталығы - Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 2. Мәдениет үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Ақтоғай ауылы бойынша Ә.Бөкейхан көшесіндегі № 6, 14, 16, 18, 22, 22А, 23, 24, 25, 26, 27, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 38, 38А, 39, 40, 41, 41/2, 42, 43, 44, 45, 46, 47 үйлер, Еркін ел көшесіндегі № 1, 2, 3, 12, 34 үйлер, Н.Әбдіров көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 7, 10, 12, 15, 18, 19, 20, 21, 23, 24, 25 үйлер, Қ.Сәтбаев көшесіндегі № 1, 5, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 13Б, 14, 15, 15Б, 16, 17, 19, 21, 21А, 22, 22А, 23, 24, 25, 27, 29, 30, 31, 33, 35 үйлер, Ж.Ақбай көшесіндегі № 1А, 2, 2А, 3, 4, 6, 8, 8Б, 9, 10, 10Г, 11, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 30А, 32, 33, 41, 45 үйлер, Шәкәрім көшесіндегі № 1, 2, 2А, 3, 4, 5, 6, 6А, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16 үйлер, С.Ибраев көшесіндегі № 1, 1А, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 32, 39, 40 үйлер, У.Жәнібеков көшесіндегі № 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 24, 26, 27 үйлер, Көнішбай көшесіндегі № 4, 4А, 7, 8, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 22, 25, 26, 27, 28, 32, 33, 35 үйлер, Жосалы ықшам ауданындағы № 1, 2, 3, 4, 4А, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15Д, 16, 16А, 17, 18, 20, 21, 22, 23, 25, 26, 28, 32, 33 үйлер, Қ.Нұржанов көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 5А, 6, 7, 8, 8А, 9, 10, 10А, 11, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 23, 24, 26, 27, 30, 31, 32, 33, 35, 38, 39, 40, 42, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53 үйлер, Абай көшесіндегі № 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 23, 24, 25, 28, 29, 30, 31, 33, 34, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 43А, 44, 45, 46, 48, 49, 50, 51, 52, 67, 69 үйлер және Аэропорт».

№ 449 сайлау учаскесі келесі редакцияда жазылсын:

«№ 449 сайлау учаскесі Сайлау учаскесінің орталығы - Ақтоғай ауылы, К.Байсейітова көшесі, 12. Ә.Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін орта мектеп базасындағы Тірек мектебі (ресурстық орталық).

Сайлау учаскесінің шекарасы: Ақтоғай ауылы бойынша Ә.Ермеков көшесіндегі № 1, 2, 2А, 4, 5, 7, 8, 9, 11, 12, 13, 14, 14/3, 15, 17, 18, 19, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 32, 32А, 35, 36, 38, 38/3, 38А, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 47, 48, 50 үйлер, М.Ержанов көшесіндегі № 1, 3, 4, 6/1, 7, 8, 9, 12, 13, 14, 15, 16, 18, 18А, 19, 19/1, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 27А, 29, 30, 31, 33, 35, 36, 37, 38, 39, 41, 42, 43, 45, 50, 51 үйлер, К.Байсейітова көшесіндегі № 1, 4, 5, 5А, 5Б, 6, 7, 8, 8/2, 9, 10, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 39А, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 47А, 48, 49, 50 үйлер және Қоза».

№ 473 сайлау учаскесі келесі редакцияда жазылсын:

«№ 473 сайлау учаскесі Сайлау учаскесінің орталығы - Шашубай кенті, С.Сейфуллин көшесі, 21. Шашубай кентінің «Мектеп-балабақша кешені» (мектеп жанындағы интернатымен) базасындағы Тірек мектебі (ресурстық орталық).

Сайлау учаскесінің шекарасы: Шашубай кенті бойынша Шашубай көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 8А, 9, 10, 11, 12, 12А, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 26, 28, 30, 35, 36 үйлер, С.Сейфуллин көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 22 үйлер, Жамбыл көшесіндегі № 1, 3, 5, 10, 11 үйлер, Ғарышкерлер көшесіндегі № 2, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 17/3,

18, 19, 20 үйлер, Абай көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 7, 7А, 9, 11, 15, 18, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 35, 41, 43 үйлер».

№ 474 сайлау учаскесі келесі редакцияда жазылсын:

«№ 474 сайлау учаскесі Сайлау учаскесінің орталығы - Шашубай кенті, Ж.Ақбергәнұлы көшесі, 3. Мәдениет үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Шашубай кенті бойынша Б.Ихамбаев көшесіндегі № 2, 5, 6, 7, 8, 9, 11, 13, 17, 18, 19, 36, 36А, 37, 38, 39, 40, 41, 44, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70 үйлер, Ж.Ақбергәнұлы көшесіндегі № 2, 5, 6, 7, 9, 10, 12, 14, 16, 17, 18, 22, 24, 26, 28, 30, 34, 35, 38, 39, 40, 41, 43, 49, 51, 51/2, 53, 54, 55, 57, 59, 67, 71, 79, 93, 95, 103, 105, 109, 111, 113, 115, 117, 120, 121 үйлер, Алтын мөлтек ауданындағы № 1, 2, 3, 6 үйлер, Нарманбет көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 6 үйлер, Жағалау көшесіндегі № 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 11, 13, 14, 15, 17, 21, 22, 23, 24, 26, 27, 28, 29, 30, 32, 32А, 33, 34, 35, 36, 36А, 37, 38, 39, 40, 40А, 41, 42, 43, 44, 45, 45А, 46, 49А, 51, 52, 53, 55, 55А, 57, 58, 59, 61, 62, 63, 65, 65А, 66, 66/1, 66А, 67, 69, 71, 73, 73А, 75, 76, 78, 79, 80, 82, 83, 84, 86, 92, 94, 96, 96А, 98, 102, 104, 106 үйлер, Қараменде би көшесіндегі № 1, 1А, 1Б, 2, 3, 4, 5, 6, 8, 9, 11, 13, 14, 15, 17, 19, 21, 27, 28, 30, 31, 33, 34, 37, 37А, 38, 39, 40, 41 үйлер».

№ 475 сайлау учаскесі келесі редакцияда жазылсын:

«№ 475 сайлау учаскесі Сайлау учаскесінің орталығы - Сарышаған кенті, Мектеп көшесі, 24. Сарышаған кентінің жалпы білім беретін орта мектебі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Сарышаған кенті бойынша Шәкірбек көшесіндегі № 1, 1А, 2, 2А, 2Б, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 10/1, 10А, 11, 12, 13, 14, 14А, 15, 15/1, 15А, 17, 18, 19, 19/2, 19А, 21, 21А, 22, 23, 24, 25, 26, 26А, 27, 29, 30, 34, 34А, 35, 36, 36А, 44, 61 үйлер, 2 ықшам ауданындағы № 1, 2, 3, 4/1, 5/9, 6 үйлер, 3 ықшам ауданындағы № 2, 3Б, 4, 6, 7, 8, 9, 9Б, 10, 11, 11/2, 12, 13, 14, 14А, 15, 16/1, 16/2, 16А/1, 17, 18, 18А, 19, 20, 21, 39 үйлер, Бәйтерек көшесіндегі № 1, 1/2, 3, 3А, 4, 5, 5А, 6, 6А, 7, 8, 9, 15 үйлер, Болашақ көшесіндегі № 1, 1А, 2, 3 үйлер, Мектеп қыбылсы көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 5А, 6, 7, 7/2, 8, 9, 10, 11, 13, 13А, 15, 17, 19, 19А, 20 үйлер».

№ 476 сайлау учаскесі келесі редакцияда жазылсын:

«№ 476 сайлау учаскесі Сайлау учаскесінің орталығы - Сарышаған кенті, Теміржол көшесі, 3Б. Сарышаған кентіндегі жалпы білім беретін орта мектеп (мектеп жанындағы интернатымен).

Сайлау учаскесінің шекарасы: Сарышаған кенті бойынша Абай көшесіндегі № 1, 1А, 2, 4, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 14А, 15, 17, 19, 19/1, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 27/2, 32, 34, 34/2, 35, 37, 38, 38Б, 40, 42, 44, 46, 48, 50/1, 56, 58, 60 үйлер, Ынтымақ көшесіндегі № 5, 6, 7, 8, 9, 9/1, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21 үйлер, Теміржол көшесіндегі № 1, 2/1, 4, 8, 18, 18А, 20, 21, 21/2, 22, 23, 24, 25, 26, 26А, 27, 28, 29, 29/2, 30, 31/1, 32, 33, 34, 36, 38, 39, 40, 41, 42, 44, 45, 46, 46/2, 47, 48, 49, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 62/2, 64 үйлер, Энергетик көшесіндегі № 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 үйлер, 1 ықшам ауданындағы № 1, 2, 2/1, 3, 4, 4/2, 6, 6А/1, 7, 7/2, 8/1, 9, 10/2, 11, 12 үйлер және Көктас, Весна, Новалы, Қаражынғыл теміржол бекеттері».

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақтоғай ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Ақтоғай ауданының әкімі С.Әбеуова.**

**«КЕЛІСІЛДІ»**

**Ақтоғай аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен**

**О внесении изменений в решение акима Ақтоғайского района от 5 июня 2020 года №1 «Об образовании избирательных участков в Ақтоғайском районе»**

**РЕШИЛ:**

1. Внести в решение акима Ақтоғайского района от 5 июня 2020 года №1 «Об образовании избирательных участков в Ақтоғайском районе» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под №5862) следующие изменения:

в приложении к указанному решению: Избирательный участок №448 изложить в следующей редакции:

«Избирательный участок № 448 Центр избирательного участка - село Ақтоғай, улица А.Бөкейхана, 2. Дом культуры.

Границы избирательного участка: Следующие дома в селе Ақтоғай по улице А.Бөкейхана № 6, 14, 16, 18, 22, 22А, 23, 24, 25, 26, 27, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 38, 38А, 39, 40, 41, 41/2, 42, 43, 44, 45, 46, 47, по улице Еркін ел № 1, 2, 3, 12, 34, по улице Н.Абдірова № 1, 2, 3, 4, 5, 7, 10, 12, 15, 18, 19, 20, 21, 23, 24, 25, по улице К.Сәтбаева № 1, 5, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 13Б, 14, 15, 15Б, 16, 17, 19, 21, 21А, 22, 22А, 23, 24, 25, 27, 29, 30, 31, 33, 35, по улице Ж.Ақбая № 1А, 2, 2А, 3, 4, 6, 8, 8Б, 9, 10, 10Г, 11, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 30А, 32, 33, 41, 45, по улице Шакарима № 1, 2, 2А, 3, 4, 5, 6, 6А, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, по улице С.Ибраева № 1, 1А, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 32, 39, 40, по улице У.Жәнібекова № 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 24, 26, 27, по улице Көнішбай № 4, 4А, 7, 8, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 22, 25, 26, 27, 28, 32, 33, 35, по микрорайону Жосалы № 1, 2, 3, 4, 4А, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15Д, 16, 16А, 17, 18, 20, 21, 22, 23, 25, 26, 28, 32, 33, по улице К.Нұржанова № 1, 2, 3, 4, 5, 5А, 6, 7, 8, 8А, 9, 10, 10А, 11, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 23, 24, 26, 27, 30, 31, 32, 33, 35, 38, 39, 40, 42, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, по улице Абая № 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 23, 24, 25, 28, 29, 30, 31, 33, 34, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 43А, 44, 45, 46, 48, 49, 50, 51, 52, 67, 69 и Аэропорт»;

Избирательный участок № 449 изложить в следующей редакции:

«Избирательный участок № 449 Центр избирательного участка - село Ақтоғай, улица К.Байсейітовой, 12. Опорная школа (ресурсный центр) на базе общеобразовательной средней школы имени А.Бөкейхана.

Границы избирательного участка: Следующие дома в селе Ақтоғай по улице А.Ермекова № 1, 2, 2А, 4, 5, 7, 8, 9, 11, 12, 13, 14, 14/3, 15, 17, 18, 19, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 32, 32А, 35, 36, 38, 38/3, 38А, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 47, 48, 50, по улице М.Ержанова № 1, 3, 4, 6/1, 7, 8, 9, 12, 13, 14, 15, 16, 18, 18А, 19, 19/1, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 27А, 29, 30, 31, 33, 35, 36, 37, 38, 39, 41, 42, 43, 45, 50, 51, по улице К.Байсейітовой № 1, 4, 5, 5А, 5Б, 6, 7, 8, 8/2, 9, 10, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 39А, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 47А, 48, 49, 50 и Коза»;

Избирательный участок № 473 изложить в следующей редакции:

«Избирательный участок № 473 Центр избирательного участка - поселок Шашубай, улица С.Сейфуллина, 21. Опорная школа (ресурсный центр) на базе «Комплекс школа-детский сад» (с дошкольным интернатом) поселка Шашубай.

Границы избирательного участка: Следующие дома в поселке Шашубай по улице Шашубая № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 8А, 9, 10, 11, 12, 12А, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 26, 28, 30, 35, 36, по улице С.Сейфуллина № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 22, по улице Жамбыла № 1, 3, 5, 10, 11, по улице Ғарышкерлер № 2, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 17/3, 18, 19, 20, по улице Абая № 1, 2, 3, 4, 5, 7, 7А, 9, 11, 15, 18, 20, 21,

22, 23, 24, 25, 27, 35, 41, 43».

Избирательный участок № 474 изложить в следующей редакции:

«Избирательный участок № 474 Центр избирательного участка - поселок Шашубай, улица Ж.Ақбергәнұлы, 3. Дом культуры.

Границы избирательного участка: Следующие дома в поселке Шашубай по улице Б.Ихамбаева № 2, 5, 6, 7, 8, 9, 11, 13, 17, 18, 19, 36, 36А, 37, 38, 39, 40, 41, 44, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70, по улице Ж.Ақбергәнұлы № 2, 5, 6, 7, 9, 10, 12, 14, 16, 17, 18, 22, 24, 26, 28, 30, 34, 35, 38, 39, 40, 41, 43, 49, 51, 51/2, 53, 54, 55, 57, 59, 67, 71, 79, 93, 95, 103, 105, 109, 111, 113, 115, 117, 120, 121, по микрорайону Алтын № 1, 2, 3, 6, по улице Нарманбета № 1, 2, 3, 4, 6, по улице Жағалау № 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 11, 13, 14, 15, 17, 21, 22, 23, 24, 26, 27, 28, 29, 30, 32, 32А, 33, 34, 35, 36, 36А, 37, 38, 39, 40, 40А, 41, 42, 43, 44, 45, 45А, 46, 49А, 51, 52, 53, 55, 55А, 57, 58, 59, 61, 62, 63, 65, 65А, 66, 66/1, 66А, 67, 69, 71, 73, 73А, 75, 76, 78, 79, 80, 82, 83, 84, 86, 92, 94, 96, 96А, 98, 102, 104, 106, по улице Караменде би № 1, 1А, 1Б, 2, 3, 4, 5, 6, 8, 9, 11, 13, 14, 15, 17, 19, 21, 27, 28, 30, 31, 33, 34, 37, 37А, 38, 39, 40, 41».

Избирательный участок № 475 изложить в следующей редакции:

«Избирательный участок № 475 Центр избирательного участка - поселок Сарышаған, улица Мектеп, 24. Средняя общеобразовательная школа поселка Сарышаған.

Границы избирательного участка: Следующие дома в поселке Сарышаған по улице Шакирбека № 1, 1А, 2, 2А, 2Б, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 10/1, 10А, 11, 12, 13, 14, 14А, 15, 15/1, 15А, 17, 18, 19, 19/2, 19А, 21, 21А, 22, 23, 24, 25, 26, 26А, 27, 29, 30, 34, 34А, 35, 36, 36А, 44, 61 по 2-микрорайону № 1, 2, 3, 4/1, 5/9, 6, по 3-микрорайону № 2, 3Б, 4, 6, 7, 8, 9, 9Б, 10, 11, 11/2, 12, 13, 14, 14А, 15, 16/1, 16/2, 16А/1, 17, 18, 18А, 19, 20, 21, 39, по улице Бәйтерек № 1, 1/2, 3, 3А, 4, 5, 5А, 6, 6А, 7, 8, 9, 15, по улице Болашақ № 1, 1А, 2, 3, по улице Мектеп қыбылсы № 1, 2, 3, 4, 5, 5А, 6, 7, 7/2, 8, 9, 10, 11, 13, 13А, 15, 17, 19, 19А, 20».

Избирательный участок № 476 изложить в следующей редакции:

«Избирательный участок № 476 Центр избирательного участка - поселок Сарышаған, улица Темиржол 3Б. Общеобразовательная средняя школа (с дошкольным интернатом) поселка Сарышаған.

Границы избирательного участка: Следующие дома в поселке Сарышаған по улице Абая № 1, 1А, 2, 4, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 14А, 15, 17, 19, 19/1, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 27/2, 32, 34, 34/2, 35, 37, 38, 38Б, 40, 42, 44, 46, 48, 50/1, 56, 58, 60, по улице Ынтымақ № 5, 6, 7, 8, 9, 9/1, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, по улице Темиржол № 1, 2/1, 4, 8, 18, 18А, 20, 21, 21/2, 22, 23, 24, 25, 26, 26А, 27, 28, 29, 29/2, 30, 31/1, 32, 33, 34, 36, 38, 39, 40, 41, 42, 44, 45, 46, 46/2, 47, 48, 49, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 62/2, 64, по улице Энергетик № 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, по 1-микрорайону № 1, 2, 2/1, 3, 4, 4/2, 6, 6А/1, 7, 7/2, 8/1, 9, 10/2, 11, 12, развязки Көктас, Весна, Новалы, Қаражынғыл».

2. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на руководителя аппарата акима Ақтоғайского района.

3. Настоящее решение вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

**Акима Ақтоғайского района С.Әбеуова.**

# Ұлтымның ұраны, жұртымның тұмары – Ата Заң!

Ғасырлар тоғысында әлемдік өркениеттің шыңына ұмтылған Қазақстан халқы тарихи да тағдырлы шешім қабылдап, жасампаз жаңа дәуірге қадам басты. Ата Заң біздің бүкіл жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды. Конституция – мызғымас мемлекетіміздің алтын қазығы, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің бұлжымас бағдары, кемел келешегіміздің кепілі!

Конституция қабылдау арқылы Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты. 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы кіріспеден, тоғыз бөлімнен және 98 баптан тұрады. Ата Заңымыздың мазмұны мен атқаратын міндеті нақты айқындалып, еліміздің экономикалық күш-қуаты мен мүмкіндіктері ғылыми тұрғыдан тиянақталды. Ең бастысы, халықтың әлеуметтік топтарына тиісті

түбегейлі принциптері ретінде қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу белгіленді.

Біздің Конституциямыз халқымыздың

## Айбарым да, байрағым да – Ата Заң!

Айбары асқақ Ата Заңымыз қабылданған сәттен бергі уақыт аралығында біздің еліміз өмірдің көптеген салаларында, қазақстандық жаңа қоғамды құру жолында үлкен табыстарға қол жеткізді.

Біз аз уақыт айбыны асқан қуатты ұлтқа, дәулеті тасқан әлеуетті елге айналдық. Ортақ шаңырағымыздың шекарасын шегелеп, іргемізді мызғымастай етіп бекіттік. Тағдыр тоғыстырған, тарих табыстырған түрлі ұлт өкілдері дархан даламызға Конституция қағидағары төңірегінде топтасты. Еуразияның жүрегіне орналасқан елордамыз әлемге руханияттың ірі орталығы, саясаттың іргелі ордасы ретінде танылды.

Әрбір азаматы өзін тең сезінетін, татулығы жарасқан Қазақ елінің, Қазақстан халқының қарымды істері бүгінде әлем жұртшылығы үшін үлгі-өнегеге айналды. Мұның өзі біздің Ата Заңымызда бүкіл адамзаттық құндылықтар мен өркениеттік игіліктердің барлығы қамтылғанын айғақтайды. Кез келген мемлекеттің, елдің тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айқындайтын негізгі құжат – Конституция.

кепілдікті құқықтар беретін көкейесті мәселелерді шешу ескерілді.

Әлемдік сахнада Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды. Ал, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп айқындалды және барша халықтың мүддесіне қызмет ететін мемлекет туралы, бүкіл әлемге белгілі әрі құрметтелетін тәуелсіз ел туралы армандарының осы заманғы құқықтық түсініктерін бейнелейді. Айта кетейік, адамның өмірі, оның құқықтары, саяси реформа, қазіргі сот жүйесі жөнінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында ерекше мән беріп, кеңінен тоқталып өткен болатын.

Ата Заңымызды бұлжытпай орындаудың нәтижесінде Отанымыздың бірлігі нығайып, елдегі тұрақтылық пен татулық орнықты.

Конституцияда республика қызметінің


бірнеше ғасырлар бойы аңсаған шынайы егемендікке қол жеткізгендігінің нақты көрінісі болып табылады. Сондықтан, республикамыздың әрбір азаматы Ата Заңымыздың мазмұнын жете біліп, оның талаптары мен қағидаларын мүлтіксіз сақтауға, құрметтеуге міндетті.

Тәуелсіздік жылдары біз Отанымыздың тыныштығын сақтай алдық. 1995 жылғы 30 тамызда барша Қазақстан халқы асқан ұйымшылдықпен қабылдаған Конституцияның арқасында берік мемлекеттік қауіпсіздіктің іргетасы қаланып, елдің экономикалық тұрақтануына да қол жеткізілді. Күшті президенттік билік елдегі нарықтық реформалардың сәтті жүзеге асырылуына мүмкіндік жасады.

Қазақстан қоғамы азаматтық татулықтың, бейбітшілік пен өзара сенімнің және этносаралық келісімнің жарқын үлгісіне айналды.

Е.Шарбеков,

«Ақтоғай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы.



## Кие

«Қасым ханның қасқа жолын»,  
«Есім ханның ескі жолын» жалғаған,  
«Жеті жарғы» жазған менің нар бабам.  
Зар заман мен тар заманнан өттім де,  
Көздің жазын төктім де,  
Қалай аумап қалдым осы арбадан?  
Соған әлі таңқалам!  
Небір зілді ғасыр өтті,  
Небір дауыл, жасын өтті басымнан.  
Орман елі Ордамды алып басынған.  
Қайда билер кеңесі деп,  
Қазыбектің елесі боп сонда мен,  
Желтоқсанның жел өтінде тоңған ем.  
Азаттығым – Алтын Таң,  
Мен де соған құстай ұшып, алқынғам,  
Елтаңбасыз ел бола ма?  
Әнұрансыз жер бола ма?  
Байрағы жоқ жұрт бола ма талпынған!  
«Жеті жарғы» қалмай ата-салтымнан!  
Шарлап көкті шарқ ұрғам!  
Тәңір соны сезді де,  
Енді бұл жұрт қалмасын деп езігіе.  
Көктен қалай төрт кітабы түссе егер,  
Құзға қалай ұя салса құс шебер,  
Нар халықтың үні іспеттес,  
Бақ-береке, ырыс кетпес.  
Бесінші етіп Ата Заңды берді де,  
соған қарап бой түзеді ел, міне.  
Ата Заңым – Айбарым,  
Өр халықтың өзегінде қайнадың.  
Түрленді де, түлеп ұшып, жайнадың.  
Қазақ сенің қалқып алсын бетіңнен,  
Тура жолдың қаймағын!  
Шаң жуытпас киелім,  
Күмбір-күмбір үнге бөлеп күй елім.  
Көк Тәңірге ием алтын басымды,  
Және саған иемін.  
Жарам десең міне менің жүрегім,  
Алам десең міне менің сүйегім!

Рауан Қабидолдин.

## «Әр елдің заңы басқа»

Ата Заң мерекесі қарсаңында әлемдегі түрлі елдің заңына үңілдік. Сөйтсек, «Естімеген – елде көп» демекші, әр мемлекетте адам құқығына негізделген заңның естісі де, ерсісі де бар екен. Олар әр жұрттың өмірлік ұстанымын көрсетеді. Адамды, өмір сүретін ортаны қорғау, әлеуметтік жағдайды жақсарту мақсатында қабылданары анық. Алайда, кейбір елдің заңымен танысып, жағанды ұстайсың. Өйткені, олар дәрежі немесе күлкілі болуы мүмкін.

Мәселен, Швейцарияда кешкі сағат оннан кейін унитаздың суын ағызға тыйым салынса, жексенбіде әткеншек тебуге болмайды. Біз керісінше, әткеншектің қызығын жексенбіде көреміз ғой.

АҚШ-тың Блит қаласында ковбойдың бәткенесін киіп жүру үшін, кемінде 2 сиырыңыз болуы керек екен.

Лос-Анджелесте бақаларды жалауға тыйым салынған. Себебі, кейбір бақаның терісінде галлюциногендер (есірткі заты) бар көрінеді. Сондықтан, нашакорлар бақа аулап, жалап жүреді-мыс. Сондай-ақ, АҚШ-та «Киндер сюрприз» шоколадтың жұмыртқасын сатуға заңмен тыйым салынған. Өйткені, бала жұмыртқа ішіндегі ойыншықты да жеп қоюы мүмкін екен. Бізде оған мән берілмейтінін ел біледі.

Канадалықтар үйінің есігін қалаған түспен сырлай алмайды. Қолданыстағы заң есіктің түсін таңдауды шектеген. Қызғылт түсті есікке айыппұл салынады. Бұған қоса, бұл елде ағашқа өрмелеуге де болмайды. Табиғатпен біте қайнасақ бізге бұл да ыңғайсыз.

Қытайда суға батып бара жатқан адамға көмектесу – оның тағдырына араласу. Жұмыстан қуылған азамат 2 аптаға дейін жуынбай жүруге міндетті. Сондай-ақ, Қытай үкіметі түрлі телевизиялық шоуларды «тарихты құрметтемеу» деп танып, тыйым салған. Осы заң бізге де керек. Қаптаған мән-мағынасыз шоулардан халық шаршаған...

Францияда торайды «Наполеон» деп атау заңға қайшы саналатынын ұлы қолбасшыға құрметі деп ұқтық. Гавайдың Гонолулу қаласында күн батқан соң, дауыстап ән айтуға болмайды, бұл әрине бізге мүлдем қайшы.

Италияның Милан қаласында жерлеу рәсімі мен сырқаттың көңілін сұрағаннан басқа кезде адамның жүзінен күлкінің табы білініп тұруы заңмен бекітілген. Мұнысы көңілге қонымды заң екен. Елдің денсаулығына мән беретінін байқалдық.

Мына бір заң ерекше назар аудартты. Данияда жүргізуші көлігін оталдырмай тұрып, айналасын және астын қарап шығуға міндетті (көліктің астында бала тығылып немесе ойнап отыруы мүмкін деген қауіптен қолға алынған шара). Бұл бізге де ескеретін жайт.

Сауд Арабиясында ер дәрігер әйелді қарай алмайды. Қыз-келіншекке дәрігер мамандығын алу да заңға қайшы.

Айовадағы Оттумва қаласында таныс емес қызға ер адам көз қыса алмайды. Мичиганда күйеуінің келісімінсіз әйеліне шаш қиғызға рұқсат жоқ. Шаш кесу мәселесі қазақтың танымына жақын екен.

Сингапурде сағыз сатуға рұқсат жоқ. Оған 1992 жылғы кісі өлімі себеп болған. Бір адам сағызды вагон есігіне жабыстырып кетеді. Дұрыс жабылмаған есік ашылып кетіп, оған сүйеніп тұрған жолаушы құлап, қаза тапқан. Сағыз шайнау үшін денсаулыққа байланысты дәрігер рұқсаты болуы керек.

Заңдармен таныса келе, әр елдің дүниетанымы өзгеше екенін білдік. Бізге ерсі болып көрінсе де, өздеріне қалыпты жағдай. Сондықтан, еркін ойлы азамат ретінде әр жұрттың заңына құрметпен қараймыз. Өз заңымыздың мазмұн деңгейін шамалау үшін, өзге елдің заңдарын оқып тұру артық емес. Бастысы – өз заңымызды құрметтеп, адал өмір сүрейік!

Мақала ғаламтор деректері бойынша дайындалды.

# «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» Абай.

Аудан мектептерінің ішіндегі мерейлі мектептердің бірі – Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының Сарытерек ауылындағы «Ж.Кеңесбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Іргесі осыдан 30 жыл бұрын қаланған. Ел Тәуелсіздігімен бірге дамып, жасап келе жатқан мектепті білімді де білікті басшы Құсайынова Нүргүл 2016 жылдан бері басқарып келеді. Мектеп – білім айдынындағы үлкен кеме. Осы кемеде 11 жыл уақытты әр бала өткізеді, әр бүлдіршін тарыдай болып аттап, таудай болып түлеп ұшады. Нар тұлғалы азаматтың атымен

шыңдап, дамытуда. Мектептің мәдениеті де өзінің мол мұрасын байқатып, қаншама өнерлі өрендер өз өресін байқатуда. Сабақ беру барысында сан алуан ұстаздар әртүрлі әдіс-тәсілдерге сүйеніп, жаңа форматтағы білім беруді барынша қолдап, өздеріне сенімді ұрпақ тәрбиелеуде. Республика көлемінде тойланатын мерекелерде назардан тыс қалмай, үнемі мектеп оқушылары мен ұстаздары қоғамдық шаралардың басы-қасында табылып жүреді. 2018 жылы аталмыш білім ордасында физика пәнінің мұғалімі Омарбаев Қизат өңіріміздің әр аумағынан жиналған әріптестері арасында

төсбелгісімен марапатталды. Шакаримов Жазыбек, Аменов Манат мұғалімдеріміз Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы төсбелгісімен марапатталып, Айтбаев Берік, Мұхамбетжанова Күпаш, Дағылова Гүлбадан, Жамантаева Жанар мұғалімдеріміз білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Ыдырысбай Төлүтай Көңкебекұлы Білім жүйесіндегі адал еңбегі, білім берудегі қосқан үлесі үшін Ақтоғай ауданы білім бөлімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Зәмзәгүлге диплом табысталды. «Ұлағатты ұстаз» 45 жыл ғұмырын педагогикалық қызметке арнаған Мұқтар Досмақұлы атындағы жүлде «Ұлағатты ұстаз» Аменов Манатқа және «Үздік оқушы» Ақжолтай Еркенәзға табысталды. Ұстаздардың еңбегінің ақталғандығының тағы бір дәлелі, шәкірттерінің бірі мектебіміздің түлегі Мәжетаев Дастан Көрігіұлұлы Лос-Анджелес қаласының тұрғыны, Оңтүстік Калифорния университетінің магистранты болса, тағы бірі Ғазизов Нұрай Назарбаев зияткерлік мектебінің грантына ие болып, сол

## Мерейлі мектептің межесі биік

оқу ордасының аталуы да бекер емес. Айтпайды азамат аталмыш ауылдың дамуына өлшеусіз үлес қосқан жан. Ордалы ордан талай мектеп мақтанштары түлеп ұшып, бүгінде қоғамның дамуына айтарлықтай өз үлестерін қосып жүр. Шыңдалған шәкірттерді тәрбиелеу барысында білім ордасында білікті мамандар, білгір ұстаздар қауымымен толықтырылған. Жас ұрпаққа саналы тәрбие мен білім беріп отырған мектептің педагогикалық ұжымы осы жылдар ішінде көптеген жетістіктерге жетті. Ұстаздар қауымының ерен еңбектерінің арқасында мектебіміз үздік нәтижелерге қол жеткізіп келеді. ҰБТ қорытындысы бойынша жыл сайын оқушыларымыз жоғары балл иегерлері атанып, мемлекеттік грантқа қол жеткізіп отыр. Осы 2021-2022 оқу жылы қорытындысы бойынша мектебімізден 5 (бес) түлек мемлекеттік грант иегері атанды. Мектебімізден шыққан алғашқы «Алтын белгі» иегері Манат Сымбат болды. Мектепте 2006 жылдан бері облыс мектептері арасында бірінші рет әдеби-танымдық «Үшпаған» газеті шығарылып, осы күнге дейін жұмыс жасауда. 2017 жылы «Робототехника кабинеті» ашылған болса, жаңа жабдықталған сыныптар заманауи үлгіде білім беруде. Барлық пәнге арналған жеке кабинет бар. Мектеп жанынан «Балбөбе» шағын орталығы ашылып, бүгінгі күні бүлдіршіндер тәрбиеленуде. Кәсіптік білім беру бағытында мектеп жанынан ашылған Гидропоника лабораториясы және робототехника курсы, «Өсімдік шаруашылығы» жылжымай жас зерттеушілердің танымдық қабілеттерін арттырып, білімдерін жетілдірсе, вокал сыныбы мен дебат клубы өнерлі өрендерді

аудан көлемінде тәжірибесімен бөлісті. Мерейлі мектептің мұражай қоры да қаншама. Мұсанов Төлеу ағамыздың атына ашылған өлкетану мұражайы мектеп оқушылары үшін қаншама танымдық дүниелер ұсынуда. Ал білім ордасының жеткен жетістіктері болса, ұшан-теңіз. Халықаралық жарыстар, аудандық байқаулар, алтын кітапқа енген ұстаздар, жыл мектеп атағы, оқушылардың олимпиадалардан үздік орындарды иеленуі, алтын белгі шығаруы ұстаздар еңбегінің нәтижесі. Осындай ерен еңбектері бағаланып, мектеп ұстаздары Мұхамбетжанова Күпаш, Омарбаев Қизат, Құсайынов Серік, Шалаханова Мақтагүл Аменова Замзагүл мұғалімдер ҚР Білім және ғылым министрінің Құрмет грамоталарына ие болса, былтырғы 2021-2022 оқу жылының өзінде мектебімізде жүйелі жоспар құрылып, жұмыстар жүргізілігеннен кейін, нәтижелі жұмыстар көп болды.

Атап айта кететін болсақ, Аменова Замзагүл Білім беру саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Қарағанды облысы білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталса, білім басқармасының Алғыс хаты Жакыпбекова Айтқайшаға, жеңімпаз оқушы дайындағаны үшін Рысбекова Зәмзәгүл Дағилова Гүлбаданға табысталды. Білім басқармасының ұйымдастыруымен өткізген «Үздік педагог-2021» республикалық кезеңіне қатысқаны үшін Аубакирова Алтынайға сертификат берілді. Сонымен қатар, Алтынай мұғалім ҚР Педагогтар қоғамының ұйымдастыруымен өткізген «Білім беру ісінің үздіктері-2021» республикалық байқауына ұсынған жұмыстары үздік танылғаны үшін дипломмен және «Білім беру ісінің үздігі»

Сонымен қатар, мектеп ұстаздары әдістемелік өнім де даярлап, жетістіктерге жетіп жатыр. Облыстық «Үздік авторлық бағдарлама» байқауына қатысып, II жүлделі орынға мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімі Шарзадина Индира ие болса, Қасенбекова Бақшагүл мен Қызылбекова Анардың «Бастауыш сынып математика сабағын оқыту әдістемесі» тақырыбында әдістемелік кітабы шықты. Аубакирова Алтынай мұғалімнің республикалық биолог анықтамалығы журналының №3 санына «Оқушыларды зерттеу жұмысына баулу» тақырыбындағы мақаласы жарияланды.

Мектебіміздің оқушылары өткен 2021-2022 оқу жылында облыстық республикалық байқаулардан жүлделі орындарға ие болды. Қарағанды облысы білім басқармасының «Сарыарқа дарыны» ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде 5 оқушы жүлделі орындарға ие болса, 13 оқушымыз облыстық кезеңнен жүлдегер атанып, 3 оқушымыз республикалық кезеңге жолдама алды.

Сонымен қоса оқушыларымыз баспасөз беттеріне де мақалалар жариялап отырады. Мектепте дәстүрге айналған «Үздік жоба-2022» өтіп, жақсы нәтиже көрсеткен оқушылар жүлделі орындарға ие болып, 1 оқушымыз облыстық кезеңге жолдама алды.

Жыл сайын мектебімізде дәстүрге айналған «Жыл мұғалімі», «Жыл оқушысы» байқауы ұйымдастырылып, үздік шыққан ұстаз бен оқушыға мектеп атынан марапат пен сыйлық табысталады. «Үздік мұғалім-2022» Рысбекова

мектептен түлеп ұшқан шәкірт. Сонымен қатар, тағы бір шәкіртіміз Еркен Ерасыл Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-интернатын бітіріп, жоғарғы балл нәтижесінде мемлекеттік грант иегері атанды. Білім мен тәрбие егіз ұғым екенін ескерсек, ұлт ұландарын тәрбиелеу барысы да ешқашан назардан тыс қалған емес. Өнерлі өрендер әркез тандай қақтырып, өз дарындарын көпшілікке паш етіп, бүгінде еліміздің бетке ұстар тарландарына айналған. Спорт санлақтары болса, сан дүбірлі додаларда дес бермей, қашанда өздерінің үздік екендіктерін байқатып жүрді. Мұның бәрі ұстаздардың ұлағатты еңбегі. Еліміздің көркейіп, гүлденуі және өркеніетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрініс табады. Ертенгі күннің бүгіннен де нұрлы да жарық болуы тек білімге ғана тән. Бүгінгі заман талабы еліміздің өркеніетті бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылу, дәл осы міндеттердің бәрін Жабас Кеңесбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп толықтай жүзеге асыруда. «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға (қазақ жанына) үйлесетін негізде құра білесек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады» – деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, келешектің тағдыры үшін аянбай еңбек ете беретінімізге сеніміміз мол.

**Ж.Кеңесбаев** атындағы мектептің мұғалімі. **Б.Қуанышбекова,**



## Ұстаздық жол

"Ақырын жүріп анық бас, Еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға" – деп Абай атамыз айтқандай, ұстаздық ол ең бір жауапкершілікті қажет ететін дара жол.

Ақын да, батыр да, жазушы, ғұламалар мен небір ел тізгінін ұстаған президенттер де осы ұстаздан білім алып, түлеп ұшқан. Осындай бір қызық та қиын жолдарға 35 жылдан аса уақыттың арнаған аяулы ұстаз – Қасенбекова Бақшагүл Ермекқызы.

Бақшагүл Ермекқызы 1982-1987 жылдары Жезқазған педагогикалық институтына түсіп, физика және математика мұғалімі деген мамандығын және 2003-2005 жылдары Саран гуманитарлық-техникалық колледжінің бастауыш сынып мұғалімі мамандығын иеленіп шықты. 1987 жылдан күні бүгінге дейін Сарытерек ауылындағы Ж.Кеңесбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің біліктілігі жоғары деңгейдегі педагог-зерттеуші бастауыш сынып мұғалімі. Жалпы педагогикалық өтілі – 35 жыл.

Осы жылдар ішінде Бақшагүл мұғалім өзін шығармашыл білімді, білікті ұстаз ретінде көрсете білді. Оқушыларға сапалы

білім, саналы тәрбие беру жолында қажырлы еңбек етіп келеді. Осындай еңбектің нәтижесінде оқушылары республикалық, облыстық, аудандық деңгейдегі олимпиадалар мен сайыстарда жүлделі орындарға ие болды. Атап айтқанда, Қарағанды облысының білім басқармасы «Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы III «CLEVER» облыстық олимпиадасында математика пәнінен 4-сыныптар арасында Түрсынбек Бекүлан III орынға ие болып, дипломмен марапатталды. GLEVER-2021 VI облыстық олимпиадасының аудандық кезеңнен 4-сыныптар арасында математика пәнінен Ақжолтай Данияр 2-орын алғаны үшін дипломмен марапатталды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы «Ақбота» интеллектуалдық марафонында Ақжолтай Данияр 3-орын иеленді.

Ұлағатты ұстаз Бақшагүл Ермекқызы 2017 жылы ҚР Білім және мәдениет саласындағы үздік қызметкерлердің «Алтын кітабы» атты республикалық энциклопедиялық жинағына енгені үшін, кәсіби саласында жеткен нәтижелі жетістіктері мен үздік қызметі үшін «Үздік маман» төсбелгісімен марапатталды.

2019 жылы жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында ашық аймақтық «Бастауға апарар жол» атты байқауына жеңімпаз дайындағаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.

Республикалық www.sabaq.kz әдістемелік-танымдық сайты өткізген «Оқыту әдістемесі мен педагогика» қашықтық

олимпиадасында біліктілік танытып, I дәрежелі дипломмен марапатталды. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы «Оқыту және оқу тәжірибесіндегі жаңа тұрғылар» облыстық ғылыми-практикалық семинар материалдар жинағына мақаласы енді.

Қарағанды облысы білім басқармасының «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығы «Зерделі ақыл-ой» мектебінің ұйымдастыруымен «Бастауыш мектептерде олимпиадалық және логикалық есептерді шешу тәсілдері» тақырыбындағы семинар-тренингке қатысып, сертификат иеленді. Аудандық білім бөлімі басшысының Құрмет грамотасымен марапатталды. Республикалық ғылыми-әдістемелік «Бастауыш сыныпта оқыту мен тәрбие-ісі» журналына «Тендеуді шешу» атты мақаласы жарияланды. Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай ұлы ақынның шығармаларын ата-аналарымен бірге бір кітапта оқып, талқылауда «Бір отбасы – бір кітап» облыстық акциясын мектепшілік кезеңінде отбасын қатыстырып, жетекшілік жасағаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.

Бастауыш сынып мұғалімдері Қасенбекова Бақшагүл мен Қызылбекова Анар Қарағанды облысы «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы бекіткен «Бастауыш сынып математика сабағын оқыту әдістемесі» тақырыбында әдістемелік құрал дайындады.

Бақшагүл мұғалім шәкірттері мен әріптестері арасында сыйлы да қарапайым, жауапкершілігі мол ізденуден, үйренуден бірде-бір жалықпайтын «талантты өсіретін-талап» екенін ұстанатын ұстаз.

**Гүлбадан Дағылова,**  
**«Ж.Кеңесбаев атындағы ЖББМ» КММ**  
**директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.**



Қазақстан-2050: әлеуметтік сала

2021 жылғы шілдеде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Қазақстан

рулар, туберкулез, айқын асқынулары бар инсульттан кейінгі жайкүй, терминалдық созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі бар ересектердегі зәр шығару жүйесінің аурулары, балалардағы 1 типті қант диабеті, анатомиялық кемістігі бар

жылғы 30 қаңтардағы №44 бұйрығымен бекітілген медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – МӘС қағидалары) сәйкес жүргізіледі.

Басқа облыстардың МӘС бөлімдерінің сарапшылары (бұдан әрі – МӘС бөлімдерінің аумақтан тыс сарапшылары) келіп түскен құжаттарды МӘС актісі келіп түскен

4) мүгедектік танылмаған жағдайларда толық оңалту туралы хабарлама;

5) алғашқы куәландыру кезінде мүгедек оны өзірлеуге медициналық-әлеуметтік айғақтардың болмауына байланысты ОЖБ өзірлеуге немесе түзетуге негізсіз жіберген жағдайда №031/у нысанындағы «МӘС сараптамалық қорытындысы

# Халықтың әлеуметтік осал топтарына бағытталған мемлекеттік көрсетілетін қызметтердегі жаңа енгізілімдер

Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «мүгедектікті және/немесе еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу және/немесе қорғау шараларын айқындау» мемлекеттік қызметті проактивті сырттай көрсетудің пилоттық жобасын іске асыру туралы» бірлескен бұйрығы қолданысқа енгізілді (бұдан әрі – пилоттық жоба).

2021 жылғы 1 шілдеден бастап бұл пилоттық жоба Қарағанды облысында іске қосылды.

Жобаға сәйкес науқас өзі тіркелген емдеу мекемесінде динамикалық бақылаудан, диагностикадан, емдеу іс-шараларынан өтеді. Ол туралы деректерді дәрігерлер медициналық ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі – МАЖ) енгізеді.

Емдеуші дәрігер науқаста МӘС көрсетілімі болған кезде (тыныс-тіршіліктің шектелуіне әкеп соқтыратын, аурулардан, жарақаттар мен ақаулардың салдарынан болатын организм функцияларының тұрақты бұзылуы) ақпараттық жүйелердегі пациенттің деректеріне тексеру жүргізеді және МӘС жіберу туралы мәселені шешу үшін дәрігерлік-консультациялық комиссияға (бұдан әрі – ДКК) құжаттар пакетін ұсынады.

Медициналық ұйымдар, анатомиялық кемістіктері бар адамдарды және организм функцияларының елеулі немесе айқын білінетін бұзылулары бар және оңалту әлеуетінің жоқтығы бар емделмейтін науқастарды қоспағанда, уақытша еңбекке жарамсыздығы басталған немесе диагнозы анықталған кезден бастап адамдарды төрт айдан ерте емес уақытта МӘС-ке жібереді.

Сырттай куәландыруға пациенттер жіберіледі:

1) Еңбекте мертігумен, кәсіптік аурумен, төтенше экологиялық жағдайлармен, ядролық жарылыстар мен сынақтар жүргізу кезіндегі радиациялық әсермен, ядролық объектілердегі авариялардың салдарларын жоюмен, сондай-ақ ескери және қызметтік борышын орындауға байланысты аурулардың, мертігулердің (жараланудың, жарақаттанудың, контузиялардың) себеп-салдарлық байланысы туралы құжаттары жоқ;

2) пилоттық режимде сырттай куәландыру жүргізілетін аурулар тізбесіне кіретін диагноздармен (онкологиялық, психиатриялық ау-

науқастар).

Емдеуші дәрігер ДКК шешім шығарған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде МӘС-ке жолдаманы толтырады, пациенттен немесе оның заңды өкілінен МӘС жүргізу



үшін қажетті өзінің дербес деректері мен заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді жинауға, өңдеуге және беруге, сондай-ақ азаматтардың базасында ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының нөмірін тіркеуге келісімін алады (ВМГ).

Бұдан әрі дәрігер пациентті сырттай куәландыруға жіберілгені және дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім туралы sms-хабарламаға жауап жіберу қажеттігі туралы хабардар етеді.

Медициналық тексерудің толықтығын, көлемін және адамдарды МӘС-ға жіберудің негізділігін жіберген медициналық ұйымның ДКК төрағасы қамтамасыз етеді.

МӘС-ке жолдама автоматтандырылған режимде МАЖ-дан ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйесіне (ҚР ДСМ АЖ), одан әрі «мүгедектігі бар адамдардың Орталықтандырылған банкі» ақпараттық жүйесіне (МОДҚ) беріледі.

МОДҚ-да пациенттің иесіздендірілген деректері бар МӘС актісінің электрондық жобасы автоматтандырылған режимде қалыптастырылады (яғни деректер ЖСН, ТАӘ, туған күні, тұрғылықты мекен-жайы, куәландырылатын адамның жұмыс орны, медициналық ұйымның, медицина қызметкерлерінің және заңды өкілінің деректері алынады).

МӘС ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015

жылғы 30 қаңтардағы №44 бұйрығымен бекітілген медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – МӘС қағидалары) сәйкес жүргізіледі.

Басқа облыстардың МӘС бөлімдерінің сарапшылары (бұдан әрі – МӘС бөлімдерінің аумақтан тыс сарапшылары) келіп түскен құжаттарды МӘС актісі келіп түскен

күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарайды және сараптамалық шешім шығарады.

Мүгедектік белгіленген кезде МӘС бөлімдерінің экс-аумақтық сарапшылары медициналық құжат-

тардағы оңалту іс-шараларының жоспарын, «Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы №26 бұйрығын, сондай-ақ «ОТҚ» АЖ-дағы сауалнама деректерін ескере отырып, ОЖБ-ның Әлеуметтік және/немесе кәсіптік бөлігіндегі іс-шараларды ұсынады.

Сараптамалық қорытынды шығарылғаннан кейін автоматтандырылған режимде көрсетілетін қызметті алушыға (оның заңды өкіліне) қабылданған сараптамалық қорытынды, www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталында құжаттарды алу мүмкіндігі туралы sms-хабарлама жіберіледі және/немесе тұрақты тіркелген жері бойынша Комитеттің аумақтық бөлімшесінде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелеріне жүгіну үшін.

Сырттай куәландыру нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға немесе оның заңды өкіліне құжаттар беріледі:

1) Мүгедектік белгіленген жағдайда мүгедектік туралы анықтама;

2) ОЖБ-ның әлеуметтік/кәсіптік бөлігін өзірлеген жағдайда ОЖБ-ның әлеуметтік/кәсіптік бөлігінен үзінді көшірме;

3) жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі белгіленген жағдайда жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі туралы анықтама;

Сырттай куәландыру нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға немесе оның заңды өкіліне құжаттар беріледі:

1) Мүгедектік белгіленген жағдайда мүгедектік туралы анықтама;

2) ОЖБ-ның әлеуметтік/кәсіптік бөлігін өзірлеген жағдайда ОЖБ-ның әлеуметтік/кәсіптік бөлігінен үзінді көшірме;

3) жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі белгіленген жағдайда жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі туралы анықтама;

туралы хабарлама».

Мүгедектікті растау туралы ақпарат және құжаттардың электрондық нысандары «электрондық үкімет» веб-порталының «жеке кабинеті» арқылы ұсынылады www.egov.kz көрсетілетін қызметті алушының сұратуы бойынша ЭЦҚ болған кезде және/немесе бір реттік пароль пайдаланылған кезде.

Көрсетілетін қызметті алушы немесе оның заңды өкілі сараптамалық қорытындымен келіспеген кезде оған тұрғылықты жері бойынша аумақтық бөлімшеге шағым жасайды (Департаментке өтініш жазу қажет).

Шағымдану бойынша куәландыруды басқа облыстардың МӘС әдіснама және бақылау бөлімдері сараптамалық қорытынды шығаратын автоматтандырылған режимде (МӘС экстерриториялық ОМК) жүргізеді. МӘС экс-аумақтық ОМК ол келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде МӘС актісінің иесіздендірілген деректері негізінде сараптамалық қорытынды шығарады.

МӘС экс-аумақтық ОМК-нің шығарылған сараптамалық қорытындысымен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы немесе оның заңды өкілі оған шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпшен шағым жасайды.

Комитеттің және МӘС ОМК тиісті өңірдің мамандары МӘС жүргізуге, оның ішінде МӘС бөлімдерінің сараптамалық шешімдері мен аумақтан тыс сарапшыларының қорытындыларының негізділігі бөлігінде бақылауды жүзеге асырады.

Дәйексіз құжаттардың/мәліметтердің және/немесе олардағы деректердің ұсынылуы салдарынан негізсіз шығарылған сараптамалық қорытынды фактілері анықталған жағдайларда, Комитет шығарылған қорытындының мерзіміне қарамастан тиісті өңірдің аумақтық бөлімшесіне көзбе-көз куәландыру жүргізуді жазбаша тапсырады.

**И.Викторовна,**  
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті жанындағы мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Ведомстваралық жұмыс тобының мүшесі.



Мемлекеттік қызмет

## Мемлекеттік қызметші – мемлекеттің абыройы

Әрбір саналы адам еңбек істеп, өз елінің бір кірпіші болып қалануды мұрат ететіні анық. Оның ішінде мемлекеттік қызметкерлердің мақсаты биік, міндеті үлкен. Мемлекеттік қызметке келген әрбір азамат өзінің қоғам алдындағы, халық алдындағы жауапкершілігін сезінуі қажет. Өйткені, мемлекеттік қызмет – елге, Отанға қызмет ету деген сөз.

Мемлекеттің іргетасын қалау, құру, қалыптастыру бағытындағы ең жауапты іс мемлекеттік қызметшілерге жүктеледі. Ал, осы абыройлы қызметтің мінсіз болуы ол әр мемлекеттік қызметкердің өз қызметін мінсіз істеуі. Жалпы, кәсіби мемлекеттік аппарат құру жолында да мемлекеттік аппарат құру жолында мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігімен қоса адамгершілігі де жоғары деңгейде болу керек. Мемлекеттік қызметкер – мемлекеттің абыройы, мемлекеттің беделі. Сол себепті әр мемлекеттік қызметкердің бір қателігі немесе бір жегістігі, ол

мемлекеттік қызметтің абыройымен өлшенетіндігін білген жөн.

Қай мемлекеттік қызмет саласы болса да, мемлекеттің сол саладағы саясатын жүргізетін орган болып табылатындықтан, сол саланың кәсіби білікті кадрлары саланың заман талабына сай тез дамуын, уақытпен бірге жүріп отыруын қамтамасыз етеді, саланың даму деңгейінің көрсеткішін жасайды. Білімділік, біліктілік, адамгершілік әрбір мемлекеттік қызметшінің бойында үйлескен жағдайда мемлекеттік қызметшінің «жоғары имиджі» жасалады, осындай имидж мемлекеттік қызметтің беделін көтеруге тікелей жол болып табылады. Әрбір мемлекеттік қызметшінің өзінің жұмысына жеке басының жауапкершілігі мен тәртібі әрбір қоғам мүшесінің мемлекетке деген көзқарасын, сенімін қалыптастыратын еді.

А.Ермекова,

Ақтоғай аудандық сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы.

Жемқорлық – жегі құрт

## Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық – әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру, инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік жүйенің барлығын бұзады, мемлекеттік билік беделінің және мемлекеттік қызмет абыройының құлдырауына ықпал етеді. Сыбайлас жемқорлық экономиканың дамуына кедергі жасайды және ұйымдастырылған қылмыстың, әсіресе, экономика саласында өсірмеуге ықпал жасайды.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңның мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп,

сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоюдың, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет.

Ақтоғай аудандық сотында алға қойып отырған міндеттерді жүзеге асыруға, қызметкерлер арасында қатерлі дертке жол бермеуге баса назар аударылып отыр. Теріс әрекет бүкіл ұжымға кері әсерін тигізбеуі үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар атқарылуда.

Қорыта келгенде, сыбайлас жемқорлық бірталай экономикалық заңдардың іс-әрекетін төмендетеді және әлемдік қауымдастықтың алдында елдің беделін түсіреді, оған тиімді шетел инвестиция жолында басты кедергі болып табылады. Адал және әлеуметтік бағытталған бизнес нарықтан ысырылады, себебі, сыбайлас жемқорлық мұндай бизнесті тиімсіз етеді.

Сондықтан, сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білуіміз керек.

Н.Ибраев,

Ақтоғай аудандық сотының приставы.

«Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алыну керек. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.



## «Балауса – Балдырған» байқауының жеңімпаздары анықталды

Биыл – «Балалар жылы». Атаулы кезеңде атқарылар іс аз емес. Міндет жүгі де салмақты. Басым бағыттарды саралаған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі, олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді

Ш орынға Тасаралдан Айбек Есмұрат, Қызыларайдан Мерей Жанат және Тораңғалықтан Диана Ербол ие болды.

Жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен, дипломдармен марапатталса, байқаудың барлық қатысушыларына Алғыс хат табысталды. – Жыл сайын Ақтоғай ауданында



кепілі» – деген болатын. Қазір өңірлерде Президент пәрмені бойынша бірқатар іс-шаралар жүзеге асып жатыр. Бұл санатта Ақтоғай ауданы да бар.

Таяуда «Балалар жылы» аясында мәдени-бос уақыт өткізу орталығының ұйымдастыруымен аудандық мәдениет үйінде «Балауса – Балдырған» жас таланттар байқауы болып өтті. Онда 5 пен 8 жас аралығында қатысқан 12 бала өз өнерлерін ортаға салды.

Алғашқы кезеңде жас өнерпаздар өздері жайлы шағын бейнеролик түсіріп, арман-мақсаттарымен бөлісті. Екінші кезеңде өн айтты, би билеп, өлең оқыды. Соңғы кезеңде олар қайталама шикізаттан қолдан жасалған костюмдермен дефиле ұйымдастырды.

Байқауға сақадай сай дайындалған бүлдіршіндер, қазыларды бір-біріне ұқсамайтын ерекше образдармен таңқалдырды. Әсіресе, Шашубай ауылынан келген жеті жасар Расул Қуанышұлы ерекше көзге түсті. Ол қазылар алқасын өзінің «Бозжорға» биімен және полиэтилен пакеттерден жасалған 90-шы жылдардағы Голливуд джентельменінің костюмімен тәнті етті.

I орынды Қусақ ауылының тұрғыны Айкөркем Нұрбай иеленсе, II орынды Үшаралдан Айзере Таңатбек пен Абай ауылынан Жасмин Сағынқызы өзара бөлісті.



балаларға би, эстрадалық вокал бойынша шығармашылық байқаулар өткізіледі. Бірақ, балалар бойындағы барлық талантын көрсете алатындай жағдай болмады. Байқау қызықты өтті, балалар барын салды. Өкінішке қарай, каникул болғандықтан, оларға барлық тілек білдірушілер қатыса алмады. Болашақта біз оны ауқымды түрде ұйымдастырмақпыз, – дейді іс-шараны ұйымдастырушылар.

Думан ҚАБЫЛ.



Жақсының аты өлмейді

# Сағыныш

Жан құрбым Айша туралы естелік

Ақтоғай ауданының ағарту майданы болып есептелетін баспасөз мекемесі, яғни “Қызыл ту” деген атпен шығатын газет бұрында Қарқаралы ауданынан шығатын болып жабылып қалған екен.

Сол мекеме 1963 жылы сәуір айынан бастап қайыра “Арқа еңбеккері” газеті деген атпен ашылды. Соған құрбымыз



екеуіміз бір-ақ күнде 20 сәуір айында, ол – машинистка, мен корректор болып орналастық. Сол күн, сол жылдан бастап арамьздан қыл өтпестей, 40 жылға таяу зейнеткерлікке жеткенімізше қызмет атқарып, одан кейін де бірге жүріп, бірге тұрып ғұмыр кештік.

Айша маған жан құрбым, әрі ақылшым, әрі өпкем, әрі қамқоршым, әрі анам сияқты болды. Себебі, Айшаның

анасы Айша көмелетке толар-толмас шағында қайтыс болып кеткен екен. Ананың орнын ешкім де, ештеңе де толтыра алмайды ғой. Мүмкін, содан болар қабырғасы ерте қатайып, ерте есейсе керек.

Ал, мен болсам әке-шешемнің ортасында бұла болып өстім. Әкем 40-тан аса, анам 60-қа келгеніміше аман жүрді. Әрі жалғыз қыз болдым. Анам өмірден озғанынша бесіктегі баладай боп жүрдім емес пе. Бірақ, Алла сана берді, тым ерке, тәйттік болып өскен жоқпын.

Жалғыздығымнан ба, анам маған шаруаға бейімдеу туралы ештеңе үйреткен емес. Мен тек анашымның адамгершілік қасиетін көріп, соған сусындап, сыйластықтың не екеніне түсініп, санама түйіп өстім.

Біз Айша екеуіміз құрдаспыз, бірақ мен үшін Айша ақылды, кеменгер, парасатты, қамқоршы анам, әрі өпкем сияқты болды. Маған өмірде кездесетін небір оқиғаларды үйретіп тәрбиеледі. Сөйткен жан құрбымнан тағдырдың жазуымен биыл 19 қантар 2022 жылы айырылып қалдым. Ажал шіркін, бізді айырды. Құлазып-ақ қалдым. Басқа да құрбыларым бар ғой, бірақ Айшамның орны бөлек еді.

Айшаның келген ортасы да өз өміріне ұқсас болды. Олар да аналары өмірден ерте озған шиегтей 4-5 жетім балалар. Соның бәрін жеткізіп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, тегіс аяқтандырды. Бұл екінің бірінің қолынан келетін іс емес қой.

Сол 1963 жылы Ақтоғай ауданы мен Шет ауданын біріктіріп, Ақтоғайға қосылған болатын. Соның да біраз зардабын ауданымыздың азаматтарына шектірді. Айшаның жолдасы соның кесірінен өмірлік ауруға ұшырады, тағы бір асқар таудай белді азаматымыз қайтыс болып кетті.

Құрбымның жолдасы аудандық комсомол комитетінде қызмет атқарды. Көрікті де сымбатты, парасатты азамат еді. Ол да Айшаға ауыр соққы болды. Міне, соның бәрине мойымай, адамгершілік қасиеті мен рухани байлығының арқасында төтеп берді.

Өмір деген күрес қой. Қиындығына мойымай, қызығына тасымал бастан өткеру керек сияқты. Өткен ата-бабаларымыз бір қиыншылықтың артында бір жақсылығы болады деп айтып отыратынын бала кезімізде естуші едік. Ол рас та екен. Алла құрбыма қол жетпес байлық – ұрпақ сыйлады. Үш ұл екі қызын жеткізіп, солардың қызығын көріп кетті. Немере, шөберелерін сүйді. Немерелеріне дейін оқытып, олардың да отбастарын құрғанын көріп, шөберелерінің қолынан суын ішіп, қызығын қызықтап, армансыз өтті бұл дүниеден, тәубе!

Айшаның жолдасы Қазкен Тыныбеков 1993 жылы 57 жасында, ерте өмірден озып кетті. Атасы болған еді, ол кісі де өмірден кеткен еді. Тірі болғаннан кейін тірі адам тіршілігін жасайды ғой. Содан балаларын жеткізу қамымен Қарағанды қаласына көшіп келді. Өмірден озғанынша балаларының қолында қалада тұрды.

Біз де 2010 жылы қалаға келдік. Балаларымыз ауылда ауырып-сырқап қаласындар, алаңдаймыз деп үйімізді әперіп, көз алдымызда отырғандар деп, жандарына көшіріп алды. Қалаға келгеннен кейін Айша екеуіміз қайыра табысып, бұрынғыдай бірге жүріп, бірге тұра бастадық. Балаларымыз ер жетіп, қолымыз босап, бұрынғымыздан да жақынырақ, бірімізді біріміз көре алмасак, тұра алмайтындай дәрежеге жеттік.

Балаларымыз бен балаларымыз да құрдас, әрі дос болды. Олардың да достығы тура біздікіндей. Себебі, Айша екеуіміздің

үш баламыз да бір жылы, тіпті бір айда туғандар. Қалаға келгеннен кейін менің балам концерт, спектакль көруге құрбын екеуің бірге барындар деп, екеуімізге бірдей билет алып беретін.

Бірде «Балуан Шолақ» спектакліне құрбым екеуіміз барып отырғанымызда, ауданымыздың азаматшасы Сәлиман Алтынбекова: «Ой, қандай жақсы, екеуіңіз Ақтоғайда бірге жүруші едіңіздер, бұл жақта да бірге екенсіздер ғой», – деп танқалғаны бар-ды. Екеуіміз «тфа-тфа», көз тііп қалмасыншы деп жатырмыз.

Шіркін, қайсыбірін айтайын, айта берсем, таусылмайтын, түпсіз бір тұнғық су тәрізді.

Ал, мен болсам 1941 жылы соғысты алып туғандар қатарындамын. Бізді бірде тарих пәнінің мұғалімі Асқар ағатайымыз: «Әй, соғысты алып туғандар, орындарыңнан тұрындар!» – деп әзілдеп, жымып бетімізге қарайтын. Біз онда жоғары сыныпта оқитынбыз. Ұстазымыз қандай білімді, жылыжүзді болатын. Сол ағайымыздың сол бір жарқын жүзі күні осы уақытқа дейін көз алдымда.

90-нан аса бала-шағасының қызығын көріп кетті. Жаны жәннатта, тәні рахатта болсын. Алла иман байлығын берсін. Аумин!

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген нақыл сөз бар емес пе. Басқа да жан-тәнін салып білім нәрімен сусындатқан, басқа да сүйікті ұстаздарымыз Мәрзия Құлғаева, Зекен Сәтімova, Шешенбай Таханов, Мұқатай Жанпейісов, Серік Өкімбаев сияқты ұстаздарымызды да сағынып кетемін. Аты аталған марқұмдарға Алла иман байлығын берсін! Адам баласының адамға жасаған жақсылығы да, қиянаты да ұмытылмай, мәңгі есте қалатын сияқты. Құрбымның жақсылығын еске аламын деп, ойдан ой туындап жатыр.

Соғыс жылдары туғандықтан, біздің де өміріміз шалқып өткен жоқ. Соғыстан кейінгі жағдай айтпаса да түсінікті ғой. Әкем соғыста, анам тылда еңбек еткен. Ішерге тамақ, киерге киім жоқ. Балалық шағымыз қиындықпен өтті. Бірақ, сол қиындықтың арқасында өмірдің не екенін түсініп, қиындыққа төзіп, қуанышқа асып-тасымай сабыр сақтай білдік. Оның үстіне тағдыр мені өмір бойы ата-анаммен үйінің жанында болуды нәсіп етті. Бірімізге біріміз сүйеу болып, өле-өлгенімізше ғұмыр кештік.

Соның әсері болар, ешнәрсе ойламай, жас бала сияқты жүріп, қазақи дәстүрлерден мақрұм, қазақша айтқанда мақұлық болдым. Біреу өлсе, ол қайтушы еді, өле берсін, онда тұрған не бар дейтінмін. Сонда жан құрбым Айша: «Тек, ондай сөзді айтпа, ертен біз де өлеміз, көңіл айту керек, ұят болады», – деп мені сүйрей жөнелетін. Менің жаман мінезім бар, кісі көңіліне қарамай айтқым кеп тұрған сөзім болса бетіне айтып салатынымын. Әрине, тек орынды жерінде.

Айша маған ұрсатын, адам деген бір бармағын бұту керек, бетің бар, жүзің бар демейсің, айтып саласың. Содан соң, сол үшін жеккөрінішті боласың дейтін.

Оның үстіне мен қоғамдық жұмыс атқардым. Коммунистік партияның дүрілдеп тұрған шағы. Мекемеде партия ұйымының хатшысы болдым. Қаншама жастарды партия қатарына тарттым. Мекемедегі жұмыскерлердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға атсалыстым.

Айша екеуіміз әйелдер қауымы жағынан мекеменің ең үлкені болдық. Жастарға ақылшымызды айтып, қашан зейнеткерлікке шыққанымызша қамқор болдық. Қазірге дейін көзімізді көрген кейінгі ұрпақтарымыз: «Айша тәте, Күләш тәте айтқандай» деп мысал қылып отырады екен. Оған да тәубе дейміз. Мен Айшаны тірі кезінің өзінде-ақ сағынып, құлазығаным бар-ды.

Айша машинисткадан бухгалтерлікке ауысып, Жезқазған қаласына отчет тапсыруға кеткен болатын. Ой, сондағы құлазығаным-ай. Сағынышым сонша, иен далада жалғыз қалғандай күй кештім. 3-4 күн мен үшін 3-4 жылдан да әрі болып, сағынышымызды газет бетіне түсіріп едім.

Міне, біз сондай айырылмастай дос едік, амал қанша, екеуіміз бір күн хабарласпай қалсақ, ішкеніміз ас болмайтын.

Қашан бізді ажал айырғанша, солай болып өттік. Ендігі арман екеуіміздің де бала-шағаларымыз, сонымыздан еріп келе жатқан ұрпақтарымыз аман болып, бақыпты ғұмыр кешсе екен деп тілеймін.

Алла халқымызға тыныштық берсін. Отанымыз аман болып, Алла заманымызды оңға бастасын. Бейбіт өмір мәңгілік болсын деп тілейміз Алладан. Көп тілеуі – көл Қабыл ете көр, Раббым!

Жан құрбым, Айша, жатқан жерің жарық, жаның жәннатта, тәнің рахатта, алдың пейіш, артың көңіш болсын. Алла иман байлығын берсін!

Сағынышпен еске алушы: жан құрбын, қимас досың – Қожабаева Күләш Сағындыққызы, Қарағанды қаласы.

# Мен бүгін әкемді ойлап толғанамын

«Өтті ағып күзі менен көктемі,

Қайран өмір, бұл жалғанда өтпелі.

Биыл, міне, өте шықты 30 жыл,

Абзал Әке, тоқтағаны жүрегіннің от демі».

Иә, асқар таудай әкенің перзент үшін алар орны ерекше ғой, сондықтан мен де ардақты әкемнің рухын еске алайын деп, қолыма қалам ұстадым. Әкеме деген сағыныш сезімі жүрегімнен өшпейді.

Әкем Тұтқабекұлы

Қайырберлі 1928 жылы Қарағанды облысының «Қаратал» совхозында дүниеге келген. Әкесі Тұтқабек ағаш ұстасы болған. Киіз үй басып, қақпан салып, қасқыр ұстаған адам. Қарқаралы малдәрігерлік техникумын бітіріп, 1948 жылы «Еңбек» колхозында мал дәрігері болып, еңбек жолын бастаған. 1952 жылы Әкем «Қызыларай» совхозында Киров ауылшаруашылық артелінде жұмыс атқарып, мал шаруашылығын дамытуға үлкен үлес қосқан. Анамыз Сақыппен 1956 жылы отбасын құрып, өмірінің соңына дейін жақсы ғұмыр кешті.

1958 жылы «Ақтоғай» совхозына жұмыс орны ауысады. Мал шаруашылығын өз мәнінде игеріп, білгір маман екенін көрсетті. Кәсіби біліктілігін одан әрі дамытып, 1966 жылы Қарағанды «Совпартшколаны» бітірді.

40 жылдай «Сарытерек» совхозында еңбек етті. Соғыс кезінде 1941-45 жылдары тылда «Ақтұмсық» колхозында әкесімен бірге жұмыс жасаған. Тыл ардагері. Ерен еңбегімен қоғамға, ауыл шаруашылығына үлкен үлес қосқан жан. Осы жылдар ішінде жеткен жетістіктері ауқымды. Еңбегі елеусіз болған жоқ, бірнеше мақтау грамоталарымен марапатталды. 1990 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

Әкеммен еңбек жолын бірге өткізіп, біте қайнасқан ағайыларым мен апайларымды қалай ұмытпайын. Алғамжанов Совет, Нұржігітов Жақай, Нұржігітов Мәкәрім, Медетбеков Балтабай, Жаркенов Исбек, Отыншин Серік, Рәшова Рая, Садықанов Серік, Сәтбеков Шегендік, Смайылов Жасымбек, Төлеубеков Тайтөлеу – ауыл шаруашылығының дамуына үлес қосқан абзал жандар деп мақтана айта аламын.

«Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын білер» дегендей, туған-туысқа, ел-жұртқа, көрші-қоланға қадірлі болды. Туысқа өте бауырмал, үнемі аңқылдап, жарқылдап жүретін жан еді.

Әкем мені қайда барса да қасынан тастаған емес, өзімен бірге алып жүретін. Қасында жүріп тәлім-тәрбиесін көзімнен көріп, санама түйіп өстім.

Бізді үнемі еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке, адамгершілікке, тазалыққа тәрбиеледі. Әкем баспасөзде бала тілшіліктен қарт тілшілікке дейінгі жолдан өтті. Өмірінің ақырына дейін қаламының сиясы кеткен жоқ. Колхоз, совхоз өндірісін нығайту жолында еңбек етіп, өзіндік қолтаңба қалдырды. Төл қабылдаудағы қарбалас шақ, қой қырқыны, малға жем-шөп дайындау мен механизаторлардың ерен еңбегі мақаласының негізгі арқауы болды.

Тілшілік қабілеті облыстық «Жезқазған туы», «Социалистік Қазақстан», «Советтік Қарағанды» мен аудандық газеттерге жарияланды. Сарытерек өмірін жазған алуан тақырыптағы мақалалары «Арқа еңбеккері» газетінде үнемі жарияланып отырды. Ауыл тынысы, ел жаңалықтары мен өскелең өмір жетістігін қаламына арқау етті. Өткенді өлшеп газет беттерін ақтарып отырып, мақалалары көзіме түсіп, оттай басылды. «Озаг пішеншілер», «Бригада межесі», «Сақманшы», «Нысана – 12 мың тонна», «Өмірден Сана бидей баба да өткен», «Судың да сұрауы бар», «Жылы тамақ – суық қабақ», «Сабын іздеп сабылып, печенье іздеп безілдеп жүрміз», т.б. Сын жазса да шындықты жазды. Әділет орнауын қалайтын, тура шындықты ту етті, мақсат тұтты.

Әкем қоғамшыл, халықшыл, көпшіл, жаманнан жақсыны айыра білетін азамат еді.

1992 жылдың 12 қыркүйегінде бақилық болды. Әке аруағын еске алу, оның рухына құран бағыштау – артында қалған ұрпақтардың асыл парызы. Асқар таудай болған әкемнің рухы ешқашан аласармақ емес.

Жарқын бейнен, қадір-қасиетің жанымда мәңгі сақталады!



АБ

Райхан Қайырберлікқызы, Балқаш қаласы.



Жемқорлық – жегі құрт

## Жең ұшынан жалғасуға жол жоқ

Сыбайлас жемқорлық қоғамымыздың қауіпті дерті болғандықтан, онымен күрес күн өткен сайын күшейіп келеді. Осы орайда 18 тамыз күні Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл агенттігінің «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің спикері Заңғар Әбілжанов және аудан әкімі аппаратының басшысы, Әдеп жөніндегі уәкілі Берікбол Әмірғасым аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында мемлекеттік қызметкерлер мен азаматтық қызметкерлер арасында түсіндірме семинар өткізді.

«Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы» тақырыбында өткен жиында баяндамашылар қылмыстық-құқықтық саясатқа тоқталды.

Сонымен қатар семинарға қатысушыларға 6 бөлімнен тұратын тұжырымдаманы таныстырды. Сондай-ақ, мамандар жең ұшынан жалғасып, бармақ басты, көз қысты заңсыздыққа жол бермеу туралы Президент Жолдауларында да ұмыт қалмағанын атап өтті. Семинарға қатысушылар осынау жаһандық мәселенің тамырына балта шабу және оны болдырмау, алдын алу туралы өз ойларын білдіріп, Ел басшысымен берілген тапсырмаларды орындау және шешу жолында тізгін басында тек қана туған елінің өркендеп өніп-өсуі үшін шынайы патриоттар, кәсіби шеберлер қалатындығы туралы айтылды. Әңгіме барысында қозғалған мәселелер жан-жақты талқыланды. Іс-шара соңында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта видеороликтер көрсетіліп, сауалнама

жүргізілді. Өткізілген іс-шараны қорытындылап, алдағы уақытта тығыз байланыста жұмыс жасайтындықтарын жеткізді.

Семинарда сыбайлас жемқорлықтың салдары, қоғамымызға зияны жан-жақты талқыға түсіп, мамандар пікірімен сараланды. Жиын барысында «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің спикері Заңғар Әбілжанов хабарлама жасады. Заң қызметкерлері жемқорлықпен күресті күшейту, жемқорлықпен күрес туралы заңнаманы қатайту, қоғам дертінің алдын алу мақсатында өткізілетін іс-шаралар бойынша өз ойларын ортаға салды. Жалпы, семинар-кеңесте қатысушылар өз пікірлерін білдіріп, тиімді нәтижелерге қол жеткізу үшін ұсыныстарын айтып тарқасты.

Думан ҚАБЫЛ

### Еске алу



Қамшының сабындай қайран тірлік бір күні шарт сынары әмбеге аян. Өмірдің өзі күшті болғанымен, өтетіні өкінішті... «Тумақ бар жерде, өлмек те бар» дейді шарифат сөзі. Шіркін, бәрі орнымен, бәрі ретімнен келсе – өкініштің өзәні тасып, қайғының қара жаңбыры жаумас еді ғой.

Ардақты бауырымыз **Омарова Гаухар Сәтбекқызы** тірі болғанда 80 жасқа толып, жайрандап ортамызда отырар еді ғой. Өлім түгілі өкпеге қимайтын жан бауырымыз жайлы өңдігі жерде естелік айтамыз деп кім ойлаған?!

«Уақыт емші» десек те, бұл күнде біздің көңілімізде, жүрегіміздің түкпірінде асыл қасиеттерімен сақталған ардақты бауырымызды сағынышпен еске аламыз. Амал не? Тіршілікте көрер қызығы мен жетпеген армандары көп еді. Қолдан келер қайран жоқ, тек бір Алладан медеу тілеп, қол жайып дұға бағыштаймыз.

Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болып, кабірінше Алланың нұры жаусын дейміз.

Қойнына алды қара жер – қазаң ауыр,

Асыл бейнең, көңілде қалды-ау үнін.

Топырағың торқа боп, тыныш ұйықта,

Жадымыздан өшпейсің, жан бауырым!

**Еске алушылар: Омаровтар әулеті.**

Ж.Ақбай атындағы негізгі орта мектебінің ұжымы мектеп мұғалімі Омарбаев Маратқа апасы **Омарбаева Шайраның** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Дені саудың – жаны сау

## Маймыл шешек дегеніміз не және ол қандай елдерге таралып жатыр?

### Маймыл шешек дегеніміз не?

Маймыл шешек - кеміргіштер мен приматтар сияқты жабайы жануарларда пайда болатын және кейде адамдарға жұғатын вирус. Одан науқастану оқиғаларының көпшілігі орталық және батыс Африка аймақтарында тіркелген.

Бұл ауруды ғалымдар алғаш рет 1958 жылы маймылдарды зерттеп жүріп анықтады. Сол кезде "шешек тәрізді" ауру осы жануарлардың арасында екі рет өршіп, жаңа вирус "маймыл шешек" аталып кеткен. Бұл оспаны адамның жұқтырғаны 1970 жылы белгілі болды.

Сол жылы қауіпті инфекция Конгоның шалғай ауылындағы 9-жасар баладан табылған.



апта ішінде қалпына келеді. Маймыл шешек 10 адамның біреуінде өлімге әкелуі мүмкін және ол балаларға да өте ауыр тиеді. Бұл вирусты жұқтырғандарға көбінесе шешекті емдеуде тиімділігі дәлелденген шешек вакциналарының бірі беріледі. Және де оған қарсы препараттар әзірленіп жатыр.

### Маймыл шешекті жұқтыру оқиғалары қай елдерде көп кездеседі?

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының есебінше, Африканың он шақты елінде жылына мыңдаған адам маймыл ауруын

Ұлыбританияда сирек байқалады. Бұл фактілер әдетте "Қара құрлыққа" саяхаттаушылардан немесе сол континенттің осы вирус кең тараған аймақтарында жануарлармен байланыста болғандардан анықталады. 2003 жылы АҚШ-тың алты штатында 47 адамның маймыл шешекке шалдыққаны расталды. Олар қауіпті вирусты Ганадан әкелінген кішкентай сүтқоректілердің қасында болған үй иттерінен жұқтырған.

### Бұл жағдайлар несімен ерекше?

Ерекшелік сол - маймыл ауруы Африкаға бармаған адамдар арасында алғаш рет таралып жатқан сияқты. Бұл оқиғалардың көпшілігі ерлермен жыныстық қатынасқа түскен ер адамдарға қатысты болып отыр. Африкалық инфекция Еуропаның Ұлыбритания, Италия, Португалия, Испания, Франция, Германия, Бельгия, Швеция тәрізді елдерінде табылды. Жалпы алғанда, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бұл ауру өлемнің 11 еліне жетіп, 80-ге жуық жұқтыру оқиғасының расталғанын хабарлап отыр.


### Маймыл шешек жыныстық жолмен жұға ма?

Жұғуы мүмкін, бірақ бұл мәселе қазір толық түсініксіз. Маймыл шешегінің жыныстық қатынас арқылы таралуы бұрын құжатталмаған. Бірақ, бұл вирус осы шешекті жұқтырған адамдармен, солардың дене сұйықтықтарымен, киімдерімен, төсек-орнымен тығыз байланыста болған адамдарға берілуі мүмкін.

«Ақтоғай ауданының орталық ауруханасы» КМК.

### Маймыл шешектің белгілері қандай және ол қалай емделеді?

Маймыл шешек кәдімгі шешек ауруы сияқты вирустар тұқымдасына жатады, бірақ оның сипаттамалары жеңілдеу. Одан пациенттердің көпшілігінің денесі қызып, ауырып, қалтырап, шаршайды. Бұл ауру неғұрлым асқынғанда, адамдардың беті мен қолдары бөртіп, сол бөртпе дененің басқа бөліктеріне де тарауы мүмкін. Инкубациялық кезең шамамен бес күннен үш аптаға дейін созылады. Көптеген адамдар ауруханаға жатқызуды қажет етпестен екі-төрт



жұқтырады. Солардың көпшілігі жыл сайын шамамен 6,000 жағдай жайында хабарлайтын Конгода тіркеледі. Ал, Нигерияда бұл індет былтыр шамамен 3,000 тұрғыннан анықталған. Маймыл шешегін жұқтыру жағдайлары кейде Африкадан тыс жерлерде, соның ішінде АҚШ пен

## Ай жарығы – әлемге

Қазақ халқы – ежелден сүрінгенге сүйеу, жығылғанға демеу бола білетін, пейілі даласындай дархан халық. Оған күні бүгінге дейінгі тарих куә. Кешегі қылышынан қан тамған қызыл империяның тұсында бозінгендей боздап, бозторғайдай шырылдап, жұртынан жер ауып келген қаншама халықты өзінің де төбесінен бұлт үйіріліп тұрса да қазақ жылы шыраймен қарсы алып, қолтығының астына алып, төрін ұсынды. Бұл баладай пәк, даладай дархан қазақ халқының мейірімділігіне келтірген мысалымыздың бір парасы ғана. Саусақ бүгіп санап, жіпке тізе беретін болсақ тақырыптан ауытқып, шығандап кетеміз. Біздің айтпағымыз, қазақтың мәрттігі мен көп ішінде жасаған жақсылығын тірі жанға сездірмейтін атымтай жомарт жандар жайлы.

Қазір құдайға шүкір, елімізде ілкімді істерге ұйытқы болып жүрген жандар мен әртектегі шаралар жні көрініс тауып жатыр. Жұрт бірін білсе, бірін білмейді. Сондай шартарапқа шуағын шашқан шараның бірі – республикалық «Мектепке жол» акциясы. Аталмыш акцияның негізінде қаншама бұлдіршін оқуға қажетті құрал-жабдықтармен қамтылып, қатарластарынан қалмай білім нәрімен сусындап жатыр. Бұл сауабы мол іске еліміздегі өз кәсібін дөңгелеткен, алақаны ашық, пейілі кең азаматтар атсалысып бағуда.

Биылғы республикалық «Мектепке жол» акциясы Мемлекет басшысы жариялаған «Балалар жылымен» ұштасып, Қазақстан Республикасы Президентінің №780 жарлығына сәйкес «Мектепке жол – шекарасыз жақсылық» ұранымен жалғасын тауып жатыр.

Аталмыш акциядан ауданымыздың жомарт жандары да қалыс қалып жатқан жоқ. Жылдағы дағдысынан жаңылмай, аудандық жастар ресурстық орталығы ұйытқы болып, ауылымыздың кәсіпкерлері қош алып, ауыз толтырып айтуға әбден лайықты іс тіндырды. Атап айтар болсақ, жеке кәсіпкерлер Е.Нұртазин, Е.Зияда, О.Әбіш, Б.Алтынбеков, Ә.Мұратбек, Л.Баймұрат, А.Азибекова, М.Қуатбекова, Г.Керімбай, Ш.Саятұлы сондай-ақ, ақтоғайлық 1991, 1993 және 1989 жылғы ауыл азаматтары бір жағадан бас, қос жеңнен қол шығарып, ауылдағы 12 аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың балаларына сөмке мен сабаққа қажетті оқу құралдарын сатып әперіп, балақайларға тарту етті. Бұл да болса екінің бірі, егіздің сыңарының қолынан келе бермейтін, көпке үлгі қылуға әбден тұрарлық шаруа.

Қазақта «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген аталы сөз бар. Біз «Жақсылық көрсен жасыр» деген қағидамен жүрген ауылымыздағы атымтай жандардың көшелі ісін көпке паш еткенді хош көрдік. «Ай жарығы – әлемге, шам жарығы – түбіне».

**Е.АЙТЖАН,**  
Ақтоғай ауылы.

### ТҮЗЕТУ


«Ақтоғай аяғы» газетінің 8 шілде 2022 жылғы №27 (7864) санында 3-бетте жарияланған Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің Ақпараттық хабарламасында, «ГУ Аппарат акима Ақтоғайского района» проводит конкурс по предоставлению земельных участков в аренду для ведения сельскохозяйственного производства, который состоится 23 августа 2022 года 15.00 ч...» деген сөйлем, «**қоторый состоится 31 августа 2022 года 15.00 ч.**» деп түзетіліп оқылсын. Қате хабарлама беруші мекеме тарапынан кеткен.

«Ақтоғай аяғы» газетінің №27 (7864) санында «Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі жариялаған «Ақпараттық хабарламада» шараның өтетін күні қате болуына орай күші жойылып, осы аталған Ауыл шаруашылығы жерлерін жалға берудің кезекті конкурсы жұмыс күнінің өзгеруіне байланысты 31 тамыз күні сағат 15.00-ге ауыстырылғанын хабарлаймыз.

«Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

### Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, бірімізге аяулы жар, бірімізге асқар таудай әке, енді бірімізге сүйікті ата **Қабдолла Нөкербекулы** 80 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз! Осы қуанышты күні сізге деніңіздің саулығың, шаңырағыңызға ырыс байлығың, жүрегіңізге мәңгі жастық жалының, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын! Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған арманыңыздың асуларына жете беріңіз!



Ақ айдыңға салып бақыт кемесін,  
Жарқын жүзбен, қуанышпен келесіз.  
Құтты болсын сексен жасын, әкетай,  
Өзіңді бір құдайым демесін.  
Бәйтерексіз жапырағы жайқалған,  
Барша жұртқа жақсылығы байқалған.  
Есен болсын ұрпағыңыз көрінген,  
Ән қалықтап, күй төгілсін төріңнен.  
Бақ орнасын әрдайым басыңызға.  
Жас қосылсын, әкетай, жасыңызға,  
Немерелер қуаныш сыйлап талай,  
Амандықпен жетіңіз жүзге қарай!

**Ақ тілекпен: анамыз – Шәмшіпану, балалары, немерелері.**

### Құттықтаймыз!



**Құрметті Қабдолла Нөкербекулы!**

Сізді сексеннің сенгіріне шыққан мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Зор денсаулық, отбасыңызға амандық, күт-береке, ырысты ынтымақ тілейміз. Жүзіңізден күлкі, көңіліңізден қуаныш нұры кетпесін. Бала-шағаларыңыздың ортасында туған-туыс, дос-жарандарыңыздың ыстық ықыласына бөлініп, қуанышты да бақытты ұзақ ғұмыр сүре беруіңізге тілектеспіз.

Құтты болсын 80-ге толған жасыңыз,  
Жақсылық пен қуаныштан тасыңыз.  
Ел-жұртыңыздың ортасында аман-сау,  
Күліп-ойнап, жүзге келсін жасыңыз!

**Ізгі тілекпен: Смақов Байзақтың отбасы.**

### Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, қадірлі құдамыз **Есетай Турағұлұлы!**



Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз ауданымызда ұзақ жылдар бойы үздіксіз абыройлы еңбек етіп, зор алғысқа бөленгеніңіз баршаға аян. Бүгінде еңбектен қол үзбей, зейнетке бөленіп, 70 жасқа толып отырсыз. Өмір атты айдында айтулы белесті бағындырып отырған мерейтой иесіне берекелі де мерекелі ұзақ ғұмыр, бақыт пен шаттық, биік мәртебе тілейміз. Бала-шағаларыңыздың, немерелеріңіздің қызық-қуанышына кәңеліп, Алланың берген жасын жасай беруіңізге ниеттеспіз. Барлық жақсылықты жолдасыңыз Зәбирамен бірге ұрпақтарыңыз бен туған-туыстарыңыздың ортасында күліп-ойнап көре беруіңізге тілектеспіз.

Қуаныңыз, шаттаныңыз, тасыңыз,  
Әдемі өрлеп әр белестен асыңыз.  
Ұрпақтардың қызығына бөлініп,  
70 асып, 100-ге жетсін жасыңыз!

**Ақ тілекпен: құдалары – Коля-Замзағұл, Аян.**

### Құттықтаймыз!



Анамыз, аяулы жар, әулетіміздің шамшырағы **Кәңже Толубаева** 1-қыркүйек күні асқаралы 60 жасқа толғалы отыр. Шаңырағымыздың шаттығы, отбасының ұйытқысы болып отырған анамызды мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз 60 жастың асуына келіп жеткен мерейтойыңызды отбасыңыздың алтын қазығы болып, бала-шаға мен туған-туыстың арасында үлкен қуанышқа кәңеліп, қарсы алып отырсыз. Осынау қуанышты күніңізден сізге ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық тілеп, шаңырағыңыздан тек қана шаттық кетпесін дейміз. Балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызығын көріп, үлкен бәйтеректей жапырағыңыз жайыла берсін. Жасыңызға жас қосылып, отбасыңыздың тірегі, ақылшысы болып, әрдайым сыйлы ортада мәртебеніз биіктей берсін дей отырып, төмендегі өлең жолдарын арнаймыз.

Айтар болсақ аналарға өлеңмен,  
Шын бақытқа үңілсек те тереннен.  
Бар сезімін ұрпағына арнаған,  
Бес баланың шаттығына бөленген.  
Балалардың бақыты ғой базары,  
Сыйлайсың ғой іні мәңгі ағаны.  
Ақ қағаздай аппақ болған ақ ары,  
Сол мінезін әулетімізге бағалы.  
Қыз қияға кетсе-дағы өрісін,  
Қарқаралы бар шаңырақ жөнісін.  
Ұлын отыр шаңырақта қонысын,  
Әулеттегі татулықтың бәрі шын.  
Ақ тілекті ақтарамыз жүректен,  
Шаншар жақтан тілектер бар гүл еткен.  
Әзілдері жарасады-ау жиендер,  
Шаңыраққа жарасымды нұр сепкен.

**Ізгі тілек білдіруші: балалары, немерелері және осы тілекке әкеміз Серік те қосылады.**

**Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА**

**Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

**Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС**

**Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)**

**Газет аптасына 1 рет шығады**

**Жауапты хатшы: Думан Қабыл**

**Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

**Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 950 дана**

**Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.**

**Телефондар: редактор: 2-18-81,**

**тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39**



**Электрондық пошта [aktogai\\_red@mail.ru](mailto:aktogai_red@mail.ru)**

**Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.**

